

2

Жаңа нысандарды
аралады

5

«Біз адал кәсіпкерлерге
көмектесеміз»

Сыр бойы

№177-178 (21053-21054) 22 қараша, сенбі 2025 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kzwww.instagram.com/syrboyi_kzt.me/syrboyi_kztwitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



ҚАЗАҚСТАН-АРМЕНИЯ: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА СИПАТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Армения Премьер-министрі Никол Пашинянға ілтипат білдірді.

Келіссөздер Ақордада салтанатты қарсы алу рәсімінен басталды. Тараптар бір-біріне ресми делегация мүшелерін таныстырды. Құрмет қарауылы ротасының бастығы рапорт берді. Бұдан кейін екі елдің әнұрандары шырқалды.

— Аса құрметті Никол Воваевич, Қазақстанға қош келдіңіз! Сіздің сапарыңыз өте маңызды. Екі елдің стратегиялық серіктестік деңгейіндегі қарым-қатынасының дамуына үлкен серпін береді деп сенеміз. Бұл — Қазақстанға алғашқы сапарыңыз. Шын мәнінде, қазақ халқы Армения жұртына, тарихына, салт-дәстүріне, мәдениетіне зор құрметпен қарайды, — деді Президент.

Өз кезегінде Никол Пашинян Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанға ресми сапармен шақырып, Астанада қонақжайлық танытқаны үшін алғыс айтты.

— Бұл сапар біздің екіжақты қарым-қатынасымызға тың серпін береді. Қос мемлекет арасындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңі Сіздің былттыр Арменияға жасаған ресми сапарыңыздан бастау алды. Соның нәтижесінде маңызды келісімдерге қол қойылды. Оның кейбірі жүзеге асырылды, қалған бөлігі орындалу үстінде. Қазақстанға ресми сапармен келу — мен үшін зор мәртебе, — деді Премьер-министр.

2-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ЖОЛДАУ ЖҮГІ САЛМАҚТЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауында белгіленген міндеттердің жүзеге асу барысы талқыланған актив отырысы өтті. Оған Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев, зиялы қауым өкілдері, облыстық мәслихат депутаттары, басқарма, департамент, инспекция басшылары, саяси партиялар, бейнебайланыс арқылы қала, аудан әкімдері активімен бірге қатысты.

Облыс әкімі Жолдаудағы тапсырмаларды орындау мақсатында қабылданған нақты шараларды атап өтті.

— Мемлекет басшысы ел экономикасының барлық саласын жаңғырту үшін цифрландыру мен жасанды интеллект технологиясын жеделдетіп енгізу мәселелеріне ерекше тоқталды. Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін қолданып, елімізді одан әрі әлеуметтік-экономикалық, инновациялық дамытудың жаңа бағдары айқындалды. Жаппай цифрландыру арқылы отандық экономиканы әртараптандыру, кешенді түрде жаңғырту көзделген.

Алдағы үш жылда Қазақстанды цифрлық елге айналдыру мақсатында нақты стратегиялық межелер белгіленді. Президентіміздің жаңа бас-

тамалары Қазақстанды жаһандық аренада бәсекеге қабілетті ел ретінде танытумен қатар, халқымыздың тұрмыс сапасын арттыруға зор ықпалын тигізеді.

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыр өңіріне жасаған сапарында аймақтың даму қарқынына, атқарған жұмысымызға оң бағасын берді. Мемлекет басшысының ерекше қолдауы жана жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді.

Сыр жұртшылығы Президентіміздің тапсырмаларын, Жолдаудан туындайтын міндеттерді орындауда бекем бірліктің үлгісін көрсетіп, межеленген жұмысты жалғастырады.

Жолдау жүктеген тапсырмалардың басым бөлігі елді мекендерді да-

мытуға бағытталған. Әсіресе, инфрақұрылымды жақсарту, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыру, аграрлық сектордың тиімділігін күшейту. Бұл жұмыстар аймағымызда, аудандарда, елді мекендерде қарқынды жүзеге асуда, — деді облыс әкімі.

Активте Мәлік Отарбаев Жолдаудағы негізгі жеті бағытқа, одан туындайтын міндеттерге тоқталды.

Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев Жолдау жүктеген міндеттердің орындалуы, Жаңақорған ауданы, Қосүйеңкі ауылдық округінің әкімі Әлімхан Ақтаев заң мен тәртіпті мемлекетіміздің мызғымас тұғыры етудің маңызы туралы баяндама жасады.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

/// АРДАГЕРЛЕР КЕҢЕСІ

АҒА БУЫН — ЫНТЫМАҚТЫҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ



Кеше Қызылордада облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен республикалық ардагерлер кеңесінің көшпелі отырысы өтті. Оған Қазақстанның Еңбек Ері, Парламент Мәжілісінің депутаты, «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі орталық кеңесінің төрағасы Бақтықожа Ізмұхамбетов, төралқа мүшелері, еліміздің барлық өңірінен келген ардагерлер кеңесінің төрағалары, зиялы қауым өкілдері мен ел ағалары қатысты.

Аймақ басшысы өңірдегі бастамалар, атқарылған жұмыстар, қол жеткен жетістіктерге тоқталды.

— Республикалық ардагерлер кеңесі көшпелі отырысының Қызылордада өтуіне бастама көтеріп, шақыртуымызды қабыл алған баршаңызға Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымды, зор ризашылығымды білдіремін.

Бүгінде аймақ экономикасын әртараптандыруға, жерлеріміздің тұрмыстық жағ-

дайын жақсартуға бағытталған серпінді жобалар іске асуда. Президентіміздің өңірдің даму қарқынына, атқарған жұмысымызға берген оң бағасы — Сыр халқы үшін зор мәртебе. Мемлекет басшысының ерекше қолдауы жана жетістіктерге жетелейді, еселенген жауапкершілік жүктейді. Тәуелсіздік жылдарында қол жеткізген әрбір жетістігіміз — халқымыздың бірлігі мен берекелі еңбегінің жемісі.

Аймағымызда еңбегімен елге сыйлы, ісімен



үлтқа өнеге болған азаматтарға лайықты құрмет көрсетілуде. Президентіміздің ерекше қолдауымен 2022 жылдан бүгінге дейін 300-ге жуық жерлесіміз мемлекеттік наградалармен марапатталды. Олардың жартысына жуығы — қарапайым еңбек ардагерлері мен озаттары. Бүгінде карттарға, зейнеткерлер мен ардагерлерге қолдау көрсету — жұмысымыздағы басты басымдықтың бірі.

Қазыналы қарияларды жан-жақты әлеуметтік қолдау, медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру бағытында ауқымды жұмыс бар. Бұл мақсатқа облыстық бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі жыл сайын артып келеді.

2-бет

АУЫЛ — ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ЕҢБЕКТИҢ МЕКТЕБІ



Осы жылдың 5 қарашасында республикалық «Время» газетінде ҚР Парламенті Сенатының төрағасы М.С.Әшімбаевтың «Логика реформ-4: Сильные регионы — сильная нация» тақырыбында өңірлерді дамыту, децентрализациялау, инфрақұрылымды жаңғырту, аймақтар арасындағы әлеуметтік-экономикалық теңсіздікті азайту және ауылдың ұлттық бірлікті сақтаудағы рөлі туралы мақаласы жарық көрді. Сондай-ақ осыған ұқсас «Литер» газетінде «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Т.Т.Мұқашевтың ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартудағы рөлін ерекше екендігін атап көрсеткен «ЛПХ — мост между прошлым и будущим казахского народа» атты мақаласы жарияланды.

Бұл мақалалардың негізгі идеясы — ауылдардың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өңірлердің тұрақтылығын қамтамасыз ету арқылы елдің біртұтас болашағын қалыптастыру.

3-бет

Валюта бағамы \$ 518,19 kzt € 597,44 kzt ₸ 6,43 kzt

Ауа райы: Сенбі ☀️ +14° 🌙 +1° | Жексенбі ☀️ +14° 🌙 +2°

ҚАЗАҚСТАН-АРМЕНИЯ: ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЖАҢА СИПАТЫ

Содан кейін Қазақстан Президенті мен Армения Премьер-министрі екі елдің делегация мүшелерінің қатысуымен кеңейтілген құрамда келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев казак пен армян достығы берік, сыйластығы жарасқан халықтар екенін атап өтті.

– Армения – Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы басты саяси және сауда-экономикалық серіктесінің бірі. Қазақ жұрты армян халқын ерекше қадірлейді. Оның терең тарихына, бай мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарайды. Қазір Армения Қазақстан азаматтары көп баратын туристік елдің біріне айналды. Биыл қос халықты жақындастыра түскен айтулы оқиғалар болды: Арменияда алғаш рет Қазақстанның мәдениет күндері өтті. Ереванда ұлы ақын және ағартушы Абай Құнанбайұлының құрметіне саябақ ашылды. Осы маңызды бастамаларға қолдау көрсеткеніңіз үшін Сізге, құрметті Никол Воваевич, зор алғыс білдіремін. Мұны қазақ еліне деген ерекше ілтипатыңыз деп бағалаймыз, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің айтуынша, Астана мен Ереван арасында барлық деңгейде ашық әрі сенімді саяси диалог қалыптасқан. Халықаралық және өңірлік ұйымдар аясында тығыз, нәтижелі ынтымақтастық жолға қойылған. Екі елдің сауда-экономикалық, мәдени-гуманитарлық және ғылым-білім саласындағы ықпалдастығы дәйекті түрде дамып келе жатыр. Сондай-ақ мемлекетаралық байланыстар конструктивті сипат алған әрі оны жан-жақты кеңейтуге айтарлықтай әлеует бар.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Армения арасындағы ынтымақтастықты стратегиялық серіктестік деңгейіне шығаратын тарихи құжатқа қол қойылатынын мәлімдеді.

Армения Премьер-министрі бұл сапар екіжақты қарым-қатынасты тереңдетуге және ынтымақтастықты стратегиялық серіктестік деңгейіне көтеруге онтайлы сәт екенін атап өтті.

Кездесу барысында сауда-экономика, көлік-транзит, инвестициялық ықпалдастық, тау-кен, ауыл шаруашылығы, цифрландыру және жасанды интеллектіні енгізу, денсаулық сақтау, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық салалардағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян келіссөз қорытындысы бойынша Бірлескен мәлімдеме қабылдады.

Қазақстан Президенті мен Армения Премьер-министрінің қатысуымен ресми делегация мүшелері үкіметаралық және ведомствоаралық құжаттармен алмасты.

Мемлекет басшысы Армения Премьер-министрін «Алтын Қыран» орденімен марапаттады.

Қасым-Жомарт Тоқаев салтанатты іс-шарада қазақстандықтар Никол Пашинянның Арменияның дамуына жаңа леп әкелген, мемлекеттік құрылымның барлық салада қайта жаңғыруына тың серпін берген жалпыұлттық көшбасшы деп білетінін жеткізді.

Никол Пашинян Қазақстанның ең жоғары наградасымен марапаттағаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша қазақ халқына алғыс айтып, мұны отандастарына көрсетілген ерекше құрметтің белгісі ретінде қабылдайтынын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Никол Пашинян БАҚ өкілдеріне арналған брифинг өткізді.

Президент Арменияны еліміздің маңызды әрі сенімді серіктесі ретінде атады. Екіжақты қарым-қатынас берік достыққа және өзара құрметке негізделген.

– Қазақстанның Армения мемлекетіне және оның халқына деген ықыласы айрықша. Біз армян жұртының терең тарихына, бай мәдениеті мен салт-дәстүріне зор құрметпен, ілтипатпен қараймыз. Осы құндылықтардың негізінде барлық бағыттағы ықпалдастығымыз ұдайы дамып келе жатыр. Біз өзара тиімді ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға мүдделіміз. Менің былтыр Арменияға жасаған ресми сапарымның қорытындысы және бүгінгі келіссөздердің нәтижесі – соның айқын дәлелі. Қазақ-армян қарым-қатынасы стратегиялық сипатқа ие болады. Соған сәйкес Бірлескен мәлімдемеге қол қойдық. Бұл шешім екі елдің достығын бекемдеп, сан салалы жаңа ынтымақтастық кезеңіне жол ашары анық, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Никол Пашинянның Қазақстан мен Армения қарым-қатынасын нығайтуға өлшеусіз үлес қосқанын атап өтіп, оның халықаралық қауымдастыққа күшті басшы, көреген саясаткер, көрнекті мемлекет қайраткері ретінде кеңінен танылғанына тоқталды. Осы орайда Армения Премьер-министрінің айрықша еңбегін ескере отырып, Қазақстанның ең жоғары наградасы – «Алтын Қыран» орденімен марапаттағанын жеткізді.

– Бұл қадам қос халықтың мызғымас достығының жарқын символы әрі өзара байланысты тереңдетуге ұмтылысымыздың айқын көрінісі екені сөзсіз. Мен бүгінгі мазмұнды келіссөздеріміздің нәтижесін жоғары бағалаймын. Біз сауда-экономикалық және инвестициялық ықпалдастықты жандандыру мәселесіне баса мән бердік. Өзара алыс-беріс көлемін арттыруға, тауар түрін көбейтуге қатысты нақты шараларды қолға алуға келістік. Өзара сауда айналымын ұлғайту үшін Қазақстан армян нарығына жалпы құны 350 миллион доллар болатын тауар ұсына алады. Сондай-ақ біз Арменияның экспорттық әлеуетін қолдауға ниет білдірдік. Оған қоса, инвестициялық жобаларды жүзеге асырудың маңыздылығын атап өттік. Кәсіпкерлер арасындағы байланысты нығайтатын нақты қадамдарды қолға алуға келістік. Жаңадан құрылған Қазақстан – Армения іскерлік кеңесі екі ел бизнес өкілдерінің басын қосып, екі жаққа да тиімді жобаларды жүзеге асыруға тиіс, – деді Президент.

Келіссөзде елдерміз өнеркәсіп, көлік-логистика, энергетика, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, құрылыс және басқа да салалардағы серіктестікті дамыта алатынына назар аударылып, соның ішінде көлік-транзит бағытының әлеуетін тиімді пайдалануға баса мән берілген.

Президент цифрландыру және жасанды интеллект саласындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор екенін, сондай-ақ мәдени-гуманитарлық байланыстар туралы да айтты.

– Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда АҚШ Президенті Дональд Трамптың Украинадағы ахуалды реттеуге бағытталған күш-жігерін және ұсынып жатқан жоспарын қолдаймын. Сондай-ақ Қазақстан Армения мен Әзербайжанның бейбітшілік жолындағы ортақ ұмтылысын толық қолдайды. Біз тарихи мәні зор осы үдерістің табысты жалғасуына тілектеспіз, бұл іске аталысуға қашанда дайынбыз. Мен бұл ұстанымды бүгінгі келіссөз барысында тағы да растадым, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті Армения және Әзербайжан арасындағы ұзақ жылға созылған түйткілді реттеу ісіндегі Никол Пашинянның тарихи миссиясын атап өтіп, оның Оңтүстік Кавказда тұрақтылық пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолындағы батыл қадамына, көреген саясаты мен күш-жігеріне жоғары баға берді.

Никол Пашинян армян тарапы ынтымақтастықтың барлық бағытын кеңейтуге дайын екенін растады.

1-бет

АҒА БУЫН – ЫНТЫМАҚТЫҢ АЛТЫН ДІНГЕГІ



Суреттер түсірген: Бағдат ЕСКАНОВ

1-бет

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ПРЕЗИДЕНТ КЕҢЕСШІСІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаевпен кездесті.

Онда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауындағы міндеттер мен Сыр өңірінің әлеуметтік-экономикалық даму барысы сөз болды.

Жолдауда еліміздің болашақ даму

стратегиясы айқындалып, мақсатқа жетудің жеті бағыты белгіленді.

Мәлік Отарбаев берілген тапсырмаларды жүзеге асыру жолында атқарылуы тиіс жұмыстарға тоқталды. Экономикаға қомақты инвестиция тартудың, өңдеу өнеркәсібінің дамуына жаңа серпін берудің маңызын атап өтті. Жолдауда баса мән берілген бағыттар –

ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру, көлік-логистиканы одан әрі дамыту. Сондай-ақ тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мен су инфрақұрылымын жаңғырту мәселелерін шешу де кезек күттірмейді. Мемлекет басшысы атап өткендей, экономиканы цифрлық дамытуға жан-жақты үлес қосу – жаңа дәуір жүктеген міндеттер.

Аймақ басшысы Жолдауда белгіленген жеті бағыт бойынша атқарылған жұмыстар, қолға алынған бастамалар туралы айтты.

ЖАҢА НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ




Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мемлекет және қоғам қайраткері Икрам Адырбековпен бірге қаладағы нысандарды аралап, жұмысымен таныстырды. Атап айтсақ, «Өнер орталығына», «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясына, жаңа жылу-электр орталығына барды.

«Өнер орталығы» – Қызылордада кейінгі жылдары салынған саулетті ғимараттың бірі, мұнда симфониялық, эстрадалық және ұлттық өнер бағытындағы концерттік бағдарламалар, түрлі форматтағы қоғамдық іс-шаралар өткізіледі.

Балалар мен жасөспірімдерге арналған «Сыр жұлдыздары» шығармашылық-инновациялық академиясы бір мезетте 500, тәулігіне 3 мың

оқушыға дейін қабылдайды. Бассейн, топтық жатығу, көркем гимнастика және фитнес, үстел ойындарына арналған, жекпе-жек залдары бар. Кескіндеме, сурет салу, резин-арт бөлмесі, балалар шығармашылығы шеберханасы, сәндік-қолданбалы өнер, FabLab, дыбыс жазу студиясы, робототехника және жасанды интеллект, биотехнология, 3D модельдеу, киберспорт және математика кабинеттері жұмыс істейді.



«Акса Энерджи» түрік компаниясы салған жаңа жылу-электр орталығы 240 мегаватт электр қуатын, 277 гигакалория жылу энергиясын өндіреді. Жобаның жалпы құны – 215 млрд теңге. Бюджет есебінен 15 млрд теңгеге 45 шақырым газ құбыры жүргізілді. Бұл – Тәуелсіздік жылдарындағы инвестор қаржысына салынған теңдессіз жоба.

Икрам Адырбеков Сыр өңірі серпінді даму жолына түскенін, әлеуметтік-экономикалық, инфрақұрылымдық жобалардың сәтті жүзеге асқанын атап өтіп, алдағы бастамалардың да табысты болуына тілектестігін білдірді.

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘРТЕБЕСІ

Кеше облыс әкімдігінде «Мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырудың тиімді тәжірибелері» тақырыбында республикалық семинар-кеңес өтті. Оны облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Нұрлан Қаюпов жүргізіп отырды.

Семинар-кеңеске ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитеті, жауапты өңірлік басқармалар, тілдерді оқыту орталықтары және ұлттық компания өкілдері, филолог-ғалымдар қатысты.

Бүгінде елімізде қазақ тілінің ғылым тілі ретінде әлеуетін арттыру, ғылыми коммуникацияда қолдану аясын кеңейтуге ықпал етуге баса назар аударылууда. Оған қоса ғылым тілі ретінде қолданудың өзекті мәселелерін талқылау және шешу жолдарын ұсынуға көңіл бөлу керек.

Шара барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Тіл саясаты комитетінің басқарма басшысы Қайыржан Рақымжанов елімізде бұл бағытта атқарылып жатқан іс-шаралар барысымен таныстырылды. 2023-2029 жылдарға арналған тіл саясатын дамытудың тұжырымдамасы жарияланған еді. Қазір жергілікті атқарушы органдар, ұлттық компаниялар және өзге де құзырлы мекемелер тарапынан нақты жұмыстар жүзеге асты. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту, оны ғылым тіліне айналдыру үшін тиісті іс-шаралар қолданысқа енгізілген.

– Тіл саясатын дамытуға бағытталған семинар-кеңестің Сыр өңірінде өтуі заңдылық

деп айта аламыз. Биыл Қызылорда қаласының Қазақ елінің астанасы болғанына жүз жыл толып отыр. Сондықтан тіл жанашырлары тарапынан тарихы тереңнен тамыр тартқан қасиетті мекенде маңызды шараны өткізу ұйғарылды. Бұл семинар-кеңес тілдің қолданыс аясын кеңейтуге, бүгінгі қоғамдағы рөлін арттыруға оң серпін береді деген сенімдеміз, – деді ол.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, химия ғылымдарының кандидаты Нұрбол Аппазовтың айтуынша, қазақ тілін ғылыми айналымға енгізудің мәні зор. Әлі де дамыта түсуді қажет етеді. Кемшіліктер де жоқ емес. Атап айтқанда, оқулықтар мәселесі жүйеге толық түсе қоймағаны жасырын емес.

– 1998 жылдары еліміздің жоғары оқу орындарында химия-биология бағытында оқулықтар өте тапшы болды. Сол уақытта қазақ тілінде «Жалпы химия» деген кітап ғана жазылған еді. Қалғаны орыс тілінде дайындалған. Салдарынан бұл оқулықтарды ау-

даруға мәжбүр болдық. Қазір сол олқылықтың орнын толтыру үшін көптеген әдебиет шығарылды. Дегенмен әлемдік деңгейде ғылыми еңбектер жинақталған базаларда қазақ тілінде жазылғандары мүлдем жоқ екенін аңғарамыз. Дүние жүзінде көптеген мемлекет өздерінің ана тілінде жазылған дүниелерді ағылшын тілінде аудармасымен бірге сол базаларда жариялауға қызығушылық танытып отыр. Сондай-ақ ол үшін келешекте ғылыми терминологияны жүйелеудің маңызы ерекше, – дейді Н.Аппазов.

Сондай-ақ семинар-кеңесте Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Жасанды интеллект институтының директоры, экономика ғылымдарының кандидаты Нұрлан Құлмырзаев сала бойынша қазақ тілі аясын кеңейтуге байланысты ойын жеткізді. Қазір жандық желі беттеріндегі іздеу жүйелерінде ана тіліміздегі ақпараттарға сұраныс күннен-күнге артып келеді. Сондықтан оның қорын молайту үшін әлі де ауқымды жұмыстар атқаруымыз тиіс.

Семинар соңында тіл жанашырлары, сала мамандары ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің төсбелгісі, грамотасы және Алғыс хатымен марапатталды.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

АУЫЛ – ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТ ПЕН ЕҢБЕКТІҢ МЕКТЕБІ

Осыған сәйкес, Сыр өңіріндегі ауылдардың дамуы, оларға жас мамандарды тарту, шаруашылықтарды қолдау, ауыл кәсіпкерлігі мен ауылдардың даму қарқыны туралы мәселелерді қамтып, өңір өркендеуіне сүбелі үлес қосып келе жатқан әрбір ауылдың тыныс-тіршілігіне қысқаша тоқталуды жөн санадым.

Ауыл – қазақтың алтын бесігі, мәдениет пен салт-дәстүрдің бастауы. Мемлекет дамуындағы стратегиялық бағыттардың бірі – ауыл өмірін жайғырту. Себебі қазақ қоғамының қалыптасуы, дүниетанымы мен тұрмыс-салты ғасырлар бойы осы ортада қалыптасты.

Қазақ отбасының тұрақтылығы мен бірлігі ежелден еңбекке негізделген. Әр шаңырақ өз ауласын шағын шаруашылыққа айналдырып, төрт түлік мал өсіріп, бау-бақша егіп, қыстық азығын әзірледі. Бұл – күнкөріс қамы ғана емес, ұқыптылықтың, еңбекті қалірлеудің және тіршілікті тиімді ұйымдастырудың озық үлгісі.

Ауыл баласы ерте жастан еңбекке араласып, үлкеннің батасын тындап, салт-дәстүрді бойына сіңіріп өскен. Мал бағу, егін егу, шөп дайындау сынды жұмыстар жас ұрпақтың жауапкершілігін арттырып, төзім мен тәртіпке үйретті. Ондағы татулық, көршілік сыйластық, бір-біріне деген жанашырлық қоғамның берік негізін қалыптастырды.

Бүгінде ауылды дамыту – тек инфрақұрылымды жақсарту емес, ұлттық құндылықтарды сақтау мен ұрпақ санасына сіңірудің маңызды тетігі. Ауыл – ұлттың тамыры. Оны дамыту – елдігімізді нығайтудың жолы.

ЖЕКЕ ҚОСАЛҚЫ ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ

Урбанизация үдерісі мен нарық талаптарының өзгеруі отбасының тұтынушылық дағдыларына әсер еткенмен, соңғы жылдары азық-түлік қауіпсіздігіне қатысты туындаған тәуекелдер жеке қосалқы шаруашылықтардың (ЖҚШ) ролін айтарлықтай арттырды.

Қазіргі жағдайда ЖҚШ – ауыл тұрмысының ажырамас бөлігі және азық-түлік тұрақтылығын қамтамасыз етудегі маңызды фактор ретінде бағаланып отыр.

Сонымен қатар, ЖҚШ тұрғындардың өзін-өзі қамтамасыз ету қабілетін арттырып, нарықтағы бағалардың құбылуына төтеп беруге мүмкіндік ұсынады. Бұл өз кезегінде әлеуметтік тұрақтылықты нығайтады.

Дәстүрлі қазақ шаруашылығының тәсілдері мен заманауи агротехнологияларды ұштастыру арқылы тұрғындар еңбек өнімділігін арттырып, қосымша табыс көзін қалыптастыруға жол ашады.

Осылайша жеке қосалқы шаруашылықтар ондағы өмірдің тұрақты дамуына және ауыл шаруашылығы сала-сының жалпы тиімділігіне оң ықпалын тигізуде.

СЫР ӨНІРІ – АУЫЛ МӘДЕНИЕТІНІҢ ОРДАСЫ

Сыр өңірі – ауыл мәдениеті мен еңбек дәстүрінің қаймағы бұзылмай сақталған қасиетті мекен. Өңір аты аталғанда, ең алдымен «Ақ маржан» атанған Сыр күріші ойға оралады. Өйткені, Сыр бойындағы елдің тұрмыс-тіршілігі ауылмен тығыз байланысты. Ал ауылдың басты ырысы – ғасырлар бойы қалыптасқан суармалы егіншілік пен мал шаруашылығы. Жер қадірін білу, маңдай термен талқан несібені қастерлеу бұл өлкенің өмірлік қағидаларына айналған.

Ауыл мәдениеті шаруашылықпен шектелмейді. Ол – ұрпақ тәрбиесінің, салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың, ұлттық өнер мен колонердің орталығы. Сыр өңіріндегі әрбір ауыл – қазақы болмыстың айнасы, қоғамның берекесі мен отбасының бірлігін сақтаушы орда.

Өңірдің халқы ежелден еңбек-қорлығымен, бір-біріне деген жана-шырлығымен және қауымдық мәдениетімен ерекшеленеді. Қошбасшы бастамаларды қолдап, ортақ іске жұмылу дәстүрі шаруашылықтың дамуына серпін беріп келеді. Бірлік пен татулықтың арқасында аймақтағы әлеуметтік тұрақтылық нығайып, ауылдардың әлеуеті артауда.

Сыр бойындағы ауылдар бүгінде өз келбетін жоғалтпаған, ұлттық дәстүр

1-бет



мен еңбек мәдениетін сақтауымен ерекше. Елдің экономикалық дамуына үлес қосып қана қоймай, ұлттық құндылықтардың жалғасуына да берік негіз қалдырып келеді.

АУЫЛДАРДЫҢ ДАМУ ҚАРҚЫНЫ

Ауылдарды жаңғырту, жергілікті шаруашылықтарды дамыту және еңбеккерлерді қолдау – бүгінгі күннің өзекті міндеттерінің бірі. Соңғы жылдары Сыр өңіріндегі ауылдардың даму қарқыны айтарлықтай артып, әлеуметтік және экономикалық келбеті жаңаша сипат ала бастады.

Инфрақұрылым жүйелі түрде жаңартылуда. Ауызсу мен газ желілері тартылды. Көлік қатынасын жақсартуға бағытталған жол жөндеу жұмыстары ауылдардың қолжетімділігін арттырды.

Сонымен қатар, жаңа мектептер, дәрігерлік пункттер, мәдениет үйлері мен спорт кешендерінің ашылуы тұрғындардың тұрмыс сапасын жақсартып, ауылды өмір сүруге қолайлы ортаға айналдыра түсті.

Мемлекеттік қолдаудың түрлі тетіктері – субсидиялар, жеңілдетілген несиелер, ауыл шаруашылығы техни-касын жаңарту бағдарламалары, сонымен бірге жол, су, газ және электр желілерін жаңарту экономикаға тың серпін беріп, интернет желісінің кеңеюі білім беру, кәсіпкерлік пен ақпаратқа қолжетімділікті арттырып, жастардың жаңа бағытта дамуына жол ашуда. Бұл бастамалар жастардың туған жерінде қалып, еңбек етуіне ынталандыратын маңызды факторға айналып келеді.

Ауылдағы еңбек – тек табыс табудың жолы ғана емес, ол – рухани және әлеуметтік құндылық. Мұнда отбасының бірлігі бекіп, әр ұрпақ маңдай тердің қадірін жастайынан түсінеді. Жауапкершілік, төзімділік, үнемшілдік секілді қасиеттер осындағы тіршіліктің табиғи мектебінде қалып-тасады. «Еңбек түбі – береке» деген халық даналығы да өмірдің шынайы болмысын дәл бейнелейді.

Сыр өңіріндегі ауылдардың жаң-ғыруы – тек инфрақұрылымдық өзгеріс емес. Бұл – елдің әлеуметтік тұрақ-тылығы мен экономикалық дамуының, ұлттық құндылықтардың сақталуының маңызды тетігі.

АУЫЛ КӘСІПКЕРЛЕРІН ҚОЛДАУ АРҚЫЛЫ ЭКОНОМИКАНЫ ЖАҢА ДЕНГЕЙГЕ КӨТЕРУ

Бүгінде ауылдағы кәсіпкерлік саласы жаңа серпін алып, өңір экономикасы дамуының маңызды қозғаушы күшіне айнала бастады. Олай дейтініміз, «Ауыл аманаты», «Бірыңғай кешенді бағдарлама», «Өңірлік инвестициялық орталығы» сияқты жобалар тұрғындарға өз кәсібін ашуға нақты мүмкіндік беріп отыр. Нәтижесінде мал шаруашылығы, жеңіл өнеркәсіп, тағамдық өнім өндірісі, қызмет көрсету және қайта өңдеу салаларында жаңа жобалар іске қосылып, экономикаға айтарлықтай қозғалыс әкелуде. Кооперативтердің дамуы да өз жемісін беріп, өнімдердің нарыққа тиімді әрі бәсекеге қабілетті түрде шығуын қамтамасыз етуде.

Тігін және наубайхана цехтары, кондитерлік өндіріс орындары, тұрмыстық заттар шығаратын шағын кәсіпорындар ашылып, тұрғындарды тұрақты жұмыспен қамтамасыз ету мүмкіндігі туып отыр.

Мұндай өндіріс орындары шағын ауылдардың өзінде экономикалық белсенділікті күшейтіп, жергілікті бюджеттің түсімін арттырып, тұрғын-дардың кәсіпкерлікке деген ынтасын оятауда.

Кәсіпкерліктің дамуы – тек эконо-

микалық көрсеткіштерді жақсарту емес, ол – әлеуметтік ахуалды көтеру-дің, тұрақты жұмыспен қамтамасыз етудің, өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды алғышарты.

Сондықтан ауылдағы кәсіпкерлікке қолдау көрсетуді жүйелі жалғастыру Сыр өңірінің ұзақ мерзімді дамуының негізгі бағыттарының бірі болып қала бермек.

СЫР ӨНІРІНДЕГІ АУЫЛДАР БЕСАРЫҚ АУЫЛЫ – КӘСІПКЕРЛІК ПЕН МӘДЕНИЕТТІҢ ҮНДЕСКЕН ОРДАСЫ

Бесарық ауылында бүгінде 2367 тұрғын тұрады. Өңірдегі алдыңғы қа-тарлы елді мекендердің бірі ретінде «Үлгілі елді мекен» байқауының жеңімпазы атанған.

Оның көркеюіне елеулі үлес қосып жүрген «Абай-Дәулет» ЖШС дирек-торы Мұрат Сәрсенбаев көгалдан-дыруға, әлеуметтік нысандарды жөн-деуге қаржы бөліп, мешіт пен ауыл әкімдігінің ғимаратын салып, орталық алаңды абаттандырған.

Серіктестік көшелерді асфальттау, әлеуметтік нысандарға күрделі жөндеу жүргізу, демалыс орындарын қалпына келтіру, спорттық және мәдени шараларға демеушілік жасау сияқты бірқатар жұмыстарды тұрақты түрде атқарып келеді.

Кәсіпкерлік саласы да қарқынды дамып, бытыр «Өңірлік инвестиция-лық орталығы» арқылы 5 жоба мақұл-данып, 61 млн теңге несие берілді. Бұл қаржы ауыл тұрғындарының кәсіп-керлік бастамаларын ілгерілетуге ба-ғытталып, экономикалық белсенділікті арттыруда айтарлықтай үлес қосты. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы техникаларын жаңарту және мал басын көбейту үшін қосымша 21 млн теңге бөлінді.

«Бірыңғай кешенді бағдарлама» ая-сында 433 млн теңге көлемінде қаражат игеріліп, 6 кәсіпкер өз кәсібін өңдейтті.

Ал «Ауыл аманаты» жобасы бойынша 28,2 млн теңгенің 4 жобасы қаржыландырылды.

Жаңа өндіріс орындарының ашы-луы кәсіпкерліктің ауқымын кеңейтті. Ою-өрнек пен тігін цехтары, қолғап пен шұлық өндірісі, пластикалық ыдыстар мен сабын шығару цехтары, наубайхана, кондитерлік өнім өндірісі, жартылай фабрикалар жасау және фри өндіру желісі, сондай-ақ супермаркет пен дәмханалар іске қосылды.

Бұл кәсіпорындар тұрғындарға жаңа жұмыс орындарын ұсынып қана қоймай, экономикалық әлеуетті арт-тыруға да септігін тигізуде.

Сондай-ақ жылына 100 тонна брой-лерлік құс етін өндіретін «Сыр құсы» ауылшаруашылық кооперативі құры-лып, 27,6 млн теңгеге қаржыланды-рылды.

Инфрақұрылым саласында да айтарлықтай жұмыстар атқарылды. Ауылшілік көшелер жөнделіп, Тағзым алаңы жаңартылды. Көшелер жарық-тандырылып, балаларға арналған жаңа ойын алаңы салынды.

Бесарық ауылы – кәсіпкерлік пен мәдениеттің, дәстүр мен заманауи өмір-дің үндескен мекені. Мұндағы әрбір тұрғын өз ісін дамытып, рухани және әлеуметтік өмірді байытып, туған жері-нің одан әрі өркендеуіне сүбелі үлес қосуда.

БІРЛІГІ БЕКЕМ ЕЛДІ МЕКЕН – ДҮР ОҢАР

Еңселі, бірлігі бекем елді мекендердің бірі – Дүр Оңғар ауылында бүгінде 2070 тұрғын тұрады. Тұрғындар

қазіргі таңда «Жаңажол» жауапкерші-лігі шектеулі серіктестігі арқылы егін егумен айналысып қана қоймай, төрт түлік өсірумен қатар, шағын және орта кәсіпкерліктен де нәпақасын табауда.

Биыл егіс көлемі 3100 гектарға күрші бастырылып, одан 170 000 центнер егін алынды.

Салауатты өмір салтын қалыптаст-тыруға да ерекше мән беріледі. Жастар белсенділігінің арқасында бұқаралық спортты дамытуға «Жаңажол» серік-тестігі тұрақты қолдау көрсетіп келеді.

Кәсіпкерлік саласы айтарлықтай дамуда. «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында кондитерлік цех, жиһаз өн-дірісі және мал шаруашылығын кеңейту жобаларына жеңілдетілген несиелер беріліп, кәсіпкерлер өз ісін дамытып жатыр.

Ірі инфрақұрылымдық жобалар да қатар жүргізілуде. Газ желісін тарту жұмыстарына 7,1 млрд теңге көлемінде қаржы қаралды. Бұл тұрғындардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған маңызды қадам болып отыр.

Сонымен қатар, заман талабына сай келетін жаңа дәрігерлік амбулатория мен екі қабаты спорт кешені пайда-лануға беріліп, тұрғындардың денсау-лығы мен спортқа деген ынтасын арттыруда.

Көркейтуге бағытталған жұмыс-тарда инвестор, «Жаңажол» ЖШС төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Орынбасар Төлеповтің үлесі айрықша.

Оның бастамасымен ауыл орталы-ғында заманауи «Бәйтерек» демалыс орны бар. Бүгінде демалыс орнында орналасқан сәулеті келіскен субұрқақ, балаларға арналған ойын және ересек-терге арналған жаттығу алаңының итілігін ел көруде.

Сондай-ақ ауыл кіреберісіне интен-сивтік жобамен 5 гектар жерге алма бағы отырғызылды. Бұл – туған жеріне жанажырлықпен қараған азаматтың әлеуметтік жауапкершілігінің көрінісі.

Кәсіпкерлер де ел экономикасын дамытуға, туған жерді түлетуге қомақты үлес қосуда. Мұндай бастамалар елдің еңсесін тіктеп, ауыл келбетінің көркеюіне үлкен серпін береді. Дүр Оңғар ауылы – кәсіпкерлік пен инфрақұ-рылым дамуының нәтижесінде күннен-күнге көркейіп келе жатқан елді мекен.

НАРТАЙ БЕКЕЖАНОВ АУЫЛЫ – ТАРИХЫ ТЕРЕҢ, ІРГЕЛІ ЕЛДІ МЕКЕН

Нартай ауылында бүгінгі күні 3000-ға жуық халық тұрады. Мұнда жеке кәсіпкерліктің дамуы қарқынды. Қазіргі таңда 80 кәсіпкер тіркеліп, олар-дың еңбегі ауылдың әлеуметтік-эконо-микалық дамуға елеулі үлес қосып отыр.

Ауылда 9 сауда нүктесі мен 2 монша халыққа қызмет көрсетіп, тұрғындар-дың күнделікті қажеттіліктерін қамта-масыз етеді. Сонымен қатар, 20 азамат мал бордақылаумен айналысып, шаруа-шылықты дамытуға өз үлестерін қосуда.

«Ауыл аманаты» және «Жұмыспен қамту» бағдарламалары аясында тұрғындар несие және гранттар иеленіп, өз кәсібін бастауға мүмкіндік алды. Мұндай қолдау экономикалық белсен-ділікті арттырып, жастарды кәсіп-керлікке тартуда маңызды рөл атқаруда.

Ауысу мен газ желісі толық шешімін тауып, көшелер жарықтан-дырылып, кәсіпкерліктің дамуы мен инфрақұрылымдық өзгерістер тұр-ғындардың әлеуметтік әлауқатын арттыруға мүмкіндік беріп, ауылдың тұрмыс деңгейін көтерді.

Нартай ауылы көркейіп келе жатқан елді мекен ретінде аймақтың дамуына өз үлесін қосуда.

ҚОЖАКЕНТ – ҚҰТТЫ ҚОНЫС

Қожакент 2018 жылы облыс бойынша «Үздік ауыл» номинациясын жеңіп алған. Мал басы мен егін шаруасынан өзге де өнеге болатын істері аз емес. Қазіргі таңда Қожакент ауылында 3612 халық тұрады.

Нарықтық экономикаға бейімделген халық кәсіпкерлік саласын қарқынды дамытып, 303 кәсіпкер және 5 ауыл шаруашылығы кооперативі туған жердің одан әрі дамуына белсенді еңбек етуде. Тұрғындарға спорт кешендері, ауылдық клуб үйі, мешіт, азық-түлік дүкендері, супермаркет, жанар-жағар-май бекеттері және дәріханалар қызмет көрсетуде.

49,56 шақырым электр желісі мен 762 электр бағанасы тұрақты жарықпен қамтамасыз етіп, көшелер орташа жөндеуден өтіп, тұрғындардың күн-делікті өміріне жайылық пен қауіпсіздік жасалған.

Қожакент кәсіпкерлік пен инфрақұ-рылым үйлесім тапқан, тұрғындарына әлеуметтік қолдау көрсететін және тұрақты дамып келе жатқан елді мекен ретінде ерекшеленеді.

НАҒИ ІЛИЯСОВ – ТУРИСТІК ЖӘНЕ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМЫТҚАН АУЫЛ

Туристер үшін ең үздік ауылдардың бірі – Нағи Ілиясов ауылында қазіргі таңда 2242 тұрғын тұрады.

Мұнда ауқымды абаттандыру және инфрақұрылымды жаңарту жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде заманауи келбетке ие болып, облыстағы үлгілі елді мекендердің біріне айналған.

Ауылдың дамуында «Абзал и К» және «Мағжан и К» серіктестіктерінің үлесі зор. Олар ауыл шаруашылығын қолдаумен қатар, инфрақұрылымдық жобаларды іске асырып, мәдениет үйі, мешіт, музей, спорт кешені, футбол алаңы және сауда орталықтарын салуға атсалысты.

Сонымен қатар, агротуризм бағы-тын дамытып, Қазақстанның үздік 5 туристік ауылы қатарына енді. Қазіргі таңда «Абзал и К» толық серіктестігінің директоры, облыстық мәслихат депутаты Ералиев Мағжан Абзалұлы. Оның жетекшілігімен кәсіпкерлік пен туризм саласы үйлесім тауып, тұрғын-дар үшін жаңа жұмыс орындары мен даму мүмкіндіктері қалыптасты.

Нағи Ілиясов ауылы – тарихи дәстүр мен заманауи инфрақұрылым үйлескен, туризм мен кәсіпкерліктің дамуына үлгі болатын елді мекен ретінде аймақ-тың көркеюіне өз үлесін қосып келеді.

Сыр өңіріндегі ауылдардың бүгінгі келбеті – еліміздің әлеуметтік тұрақты-лығы мен рухани дамуын айқындайтын маңызды көрсеткіш. Өңірдегі елді мекендерде жүзеге асырылып жатқан инфрақұрылымдық жаңғыртулар, кәсіпкерлікті қолдауға бағытталған мем-лекеттік бағдарламалар мен туған жердің болашағына бейжай қарамай-тын азаматтар еңбегі ауылды гүлден-діріп, өңірдің әлеуетін жаңа деңгейге көтеруде. Бұл – ұлттық құндылықтарды сақтау мен дамытуға, халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған жүйелі жұмыстың нақты нәтижесі.

Туған жерін көркейтуді мақсат ет-кен еңбек адамдарының табандылығы мен мемлекеттің жүйелі қолдауы ауыл ажарын ашып, ел берекесін арттырып, өңір экономикасының іргесін бекем-дейді. Осы тұрғыдан алғанда, Сыр бойындағы ауылдар – қоғамдағы бірлік пен татулықтың, еңбекқорлық пен отаншылдықтың, ел мүддесі жолын-дағы табандылық пен тұтастықтың айрықша көрінісі.

Бүгінгі атқарылып жатқан жұмыс-тар – тек қазіргі күннің жемісі ғана емес, келешекке қаланатын берік ірге-тас. Халықтың тұрмысын жақсартуға, ауыл өмірін жаңғыртуға бағытталған бастамалар алдағы уақытта да өз жалғасын тауып, өңір дамуының жаңа белестерін айқындай түспек.

Ауыл – руханиятымыздың темір-қазығы, ұлттық құндылықтарымыздың алтын бесігі, береке мен бірліктің бастауы. Оның тыныс-тіршілігі – жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, табандылық пен елжандылыққа тәрбиелейтін шы-найы өмір мектебі. Сол себепті, ауылды одан әрі дамытып, оның әлеуетін толық ашу – еліміздің жарқын болашағын қалыптастырудағы маңызды міндет.

Мұрат ТЛЕУМБЕТОВ, Қызылорда облыстық мәслихатының төрағасы

«ҚЫС-2025»: ОҚУ-ЖАТТЫҒУҒА ДАЙЫНДЫҚ ПЫСЫҚТАЛДЫ

Қызылорда облысының азаматтық қорғау қызметтерінің дайындығын пысықтау, қыс мезгіліндегі төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою бағытында үйлестіруді күшейту үшін өңірде «Қыс-2025» командалық-штабтық оқу-жаттығуы өткізілді.

«Қыс-2025» оқу-жаттығуы қыс мезгіліндегі қауіп-қатерлердің алдын алуға, халықтың қауіп-сіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Мақсаты – Қысқы кезеңде төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі іс-қимылдарға азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің басқару орган-дары мен күштерін дайындау. Аталған оқу-жат-тығуға азаматтық қорғау құрылымдары, жергілікті атқарушы органдар, еріктілер жұмылдырылды.

Алдымен азаматтық қорғау мемлекеттік жүйесі техникаларының саптық қарауы мен жыныы өткізілді. Оқу-жаттығуды өткізу орнында жедел штаб құрылып, қыс мезгіліндегі төтенше жағ-дайлардың алдын алу және оларды жою кезінде

азаматтық қорғаудың бағынысты күштері мен құралдары іс-қимылының үйлесімі мен өзара іс-қимылды жетілдіруі нақтыланды. Оқу-жат-тығудың практикалық кезеңіне Арал ауданының әкімі Аманжол Оңғарбаев қатысты. Қызылорда облысы ТЖД бастығының орынбасары, полковник Бекболат Әбдіқадыров жалпы оқу-жаттығудың өткізілу барысына жетекшілік жасады.

№1 практикалық оқу-жаттығу KAZ-06 «Қара-бұтақ-Қызылорда-Шымкент» автожолының 1357 шақырымында өтті. Онда қыс мезгіліндегі жол-көлік оқиғасы кезіндегі іс-қимыл нақтыланды. Оқу-жаттығудың шартына орай, жолаушылар автобусы жеңіл автокөлікпен соқтығысты,

салдарынан жол-көлік оқиғасы болды, жолаушы-лар автобусында бірнеше азамат жарақаттанып, жеңіл автокөліктің жүргізушісі көліктің ішінен шыға алмай, қыстырылып қалды. Соқтығысқан автокөліктерге авариялық-құтқару жұмысын жүргізу, адамдарды қауіпсіз орынға эвакуациялау, жылы орынмен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету, медициналық көмек көрсету, төтенше жағдай зардаптарын жою бағытында тиісті іс-қимыл жүргізілді. Оған 32 адам, 12 техника қатысты.


Арал аумағында теміржол желісінде №2 прак-тикалық оқу-жаттығуы ұйымдастырылды. Жат-тығуда сценарий бойынша жолаушылар пойызы вагонында өрт болып, қозғалыс бірнеше сағат тоқтайды. Вагондағы өрт сөндірілді. Адамдарды қауіпсіз орынға эвакуациялау, жылы орынмен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету, меди-циналық көмек көрсету, ТЖ зардаптарын жою жұмысы жүргізілді. Оған авариялық құтқару

құрылымдарынан 20 техника, 53 адам жұмыл-дырылды.

№3 оқу-жаттығуы сценарийіне сәйкес, Арал ауданында қарлы боран болды. Мал-жанға қолайсыз климат салдарынан жол таппай аласқан, мал тасымалымен айналысатын 2 азамат жоғалды. Оларды іздестіру-құтқару жұмысы ұйымдас-тырылып, далалы жерден аласқан азаматтарды тауып, медициналық көмек көрсетілді. Прак-тикалық оқу-жаттығуға іздестіру-құтқару жұмыс-тарына 14 техникасымен 64 қызметкер, сонымен бірге 1 кинологиялық есеі тобы белсене қатысты.

«Қыс-2025» облыстық командалық-штабтық оқу-жаттығуға 1154 адам, 339 техника, 1 кино-логиялық топ қатыстырылды.

Қызылорда облысы төтенше жағдайлар департаменті



Жыршы Жәкен өлең өлкесіндегі шшырларға дүниетаным ұстындары қазақ рухани ілімінің бастауында тұрған Иассауи жолымен тамырлас, Құран мен хадис қағидаларын негізге алған адамгершілік ұстын-қалыптың насихатшысы, әулие-ғұламалардың сыр сөздерін тірек еткен Майлықожа Сұлтанқожаұлының руханиятын игеру арқылы келді. Сөйтіп, XIX ғасыр аясындағы саяси дағдарыстар тынысын бағамдап, далалық діни-саяси ахуалдың тамыр соғуын барлап, отаршылдық пен еркіндік жайындағы тұжырымдарды бажайлап, Майлы туындыларындағы «Алла — әлем — адам» үштік модульді таным деңгейінде таразылап, сопылық-моральдық көзқарастар түйінін тарқату ісінен барақат тапқандықтан, шығармалары мен өнерпаздық болмысын айшықтайтын ірімдер күрделі болатыны сондықтан. Міне, осы айтылғандардың шет-шөпірін біршама шабақтап алғаннан кейін «Қазақ философиясы тарихындағы Майлықожа дүниетанымның орны» деген тақырыпты кандидаттық диссертация деңгейінде зерттеп, насихатшылық пен діни танымды ұштастыру арқылы, кейін соны сүрлеуге бастаған көп қырлы, алуан сырлы сүрлеуге түсіп, руханият тақырыптарын күйттеді.

Жалпы, діни-ағарту ағымының өкілдері жоспарлы бағыттағы негізгі қызметтерін тарихи кезеңдерге сай әр түрлі атқарып отырған. Әрине, қай қоғамда болсын, діни идеология қоғамдық саясатпен біркелкі келіп, орта мүдде тұрғысынан қабыса бермегені белгілі. Бұл тақырыппен, әсіресе, XIX ғасырдың екінші жартысы, XX ғасырдың басында болсын, діни-саяси классикалық әдебиеті үлгілерінен сусындаған жазба шыршылар айналысты. Мысалы, ислами дүниетаным мен шариғат іліміне арнап «Ахуал Хикмат», «Фикһ Кайдани» деген дастандар жазған, Қазақстанның оңтүстік-батыс аймағында дамыған кітаби дәстүрдің көрнекті өкілі Шәді төре Жәңгірұлы «Назым Сияр Шәриф» («Сиярун-Нәби») деген туындысында пайғамбардың өмір жолын толық жырлап шықты. Ислам өркениетін орнату үшін мекемелік мүшріктер мен яхуидилерге қарсы жүргізілген «ғазуат соғысы» өкілдерінің жорықтарынан, Мұхаммедтің (с.ғ.с) өмірсалты мен саяси-әлеуметтік қызметін аңыз, хикаят өзегіне орап жырлау, ерте мұсылмандық араб фольклорында «жол» немесе «өмірсалт» ұғымын білдіретін сира жанры кейін қазақ даласында үлкен дәстүрге айналды.

Жалпы, бәдеуілер заманындағы сирашылар үшін пайғамбардың өмірі мен қызметін көзі тірісінде ұлықтау — өз алдына дәстүр болып қалыптасып, кейін арналы ағыстарға ұласқан. Бұл сөзімізге сол кезеңнің шайыры саналатын Асан ибн Сәбиттен қалған: «Мен өлеңіммен Мұхаммедті мақтаған жоқпын, / Қайта өлеңімді Мұхаммедпен мақтадым», — деген мағынадағы жыр жолдары куә. Орта ғасырларда келген осы әдеби дәстүр қазақ даласынан жалғастық тауып, нәзира үрдісінің негізі қаланып, шайырлар арасында Аллаға мадақ, пайғамбарға салауат айтылып, мұсылман күнтізбесі бойынша көктем айы, яғни «Раби-уль-аввал» туганда «маулит» мерекесі тойлана бастады. Өкініштісі, кеңестік кезең бұл қатардағы «діндар дәуір» әдебиеті өкілдерін таптық тұрғыда «кері тартпаулар» қатарында бағалап, жаппай қудалады. Негізі, олар қазақты шоқындырып, орыстандыру үшін орамқыспаққа ала бастаған «дәлмәр дәуір» әкелген отаршылдық пен жат идеология ағымымен күрес жүргізген болатын. Кеңестік-большевиктік дәуірдің басым бағыттарын белгілеушілер патшалық Ресей империясы құрамындағы «бұратана» саналған өзге ұлттардың дамып, даралануына жол берген жоқ. Сол себепті діни-ағартушылық идеясымен айналысуға қатаң тыйым салынды.

Осы жерде мына бір уақиға еске түседі. Барлық өңірлерде болмаса да, эпик жыршылар тарапынан қаһармандық, батырлық, лиро-эпикалық шығармаларды жырлау үрдісі күні кешеге дейін сақталды. Алайда, қадим үлгісіндегі діни шығармаларды насихаттаушы кисса-шыларды ортаға алып, алагеуім кешті бозала таңға ұластырып жырлату дәстүрі мүлдем азайып кеткен кезде «отарланушы үштіктің» бірі — өзбек бақшылары арасында, отыз күн ораза, одан кейінгі айт мерекесі кезінде, ауыз бекіткен есті қариялар жасырын жиналып, пайғамбар, сакаба, әулие-әнбиелер тарихын паш ететін хикаят, дастандарды айтқызып, тыңдайды екен. Діни реңкті терме, толғау, насихат, уағыз, хикаяттарды жасырын түрде Сыр бойы жыршылары да айтып, насихат жүргізген. Ондай кештерде тек сенімді тыңдаушылар ғана бас қосып, кара үйдің түңіріп жауып, айтушының дауысын сүңгіріп, қатты есіттірмеу үшін іргеге шелек-шелек су қойып, сыртқа қарауыл тұрғызатын болған. Оңтүстік-батыс өңірінде ле тап осыған ұқсас уақиғалар орын алғанын Жәкен жыршы да айтады.

Бұл — аймақтағы эпикалық дәстүрдің

Белгілі бір кезеңде қабылдап, тұтынып, талғажау еткен рухани, әдеби, мәдени құндылықтардың мән-жайын толық түстеп, түсіну үшін оған қатысты теориялық үдерістер мен сол дәуірдегі тарихи фонды айналып өту мүмкін емес. Ғылыми қысын бойынша, қадим негіздері XIX ғасырдың екінші жартысында бой көрсеткен реформашыларға дейін халық ауыз әдебиетіне тірек болып, ауызша айту дәстүріне негізделген эпикалық жыршылықтың өзегін өргені анық. Ал жәдиттік жаңа бағыт — кітаби дәстүр арқылы келген жазба поэзияның діни-ағартушылық ағымға ұласуы, түрлі ұйымдармен байланысы жайындағы ұғымдар өз алдына таратып, тармақтай түсіндіруді қажет етеді.

Әрине, бұл күрделі үдерістің түп тамыр өзегіне өрілген идеялар мен идеология тінін толайым тарқату міндет болмағанымен, тумажерлігі жайында сөз өрбіткелі отырған жыршы Жәкен Омаровтың ескі дәстүр мен жаңа ағымдар арасында қалыптасқан аралық кезең өкілдерінен үлгі алғанын атап өткен жөн. Сөз жоқ, оның шығармашылық қарымы заманауи кеңістік аясында қалыптасты. Десе де, жидиизм ізімен әуелі Орта Азияға, сол дәліз арқылы Қазақстанға кіріп, қанат жайған діни-этикалық ілімдер түп негізінде, әсіресе әуелгі кезеңде арыдағы аңыздық, берідегі нақты, бейдіні құпия ұйымдармен ымыраласу арқылы

жыршы, насихатшылар шығармашылығындағы діни репертуарға да әсер еткені анық. Жалпы, мектеп-медіреселер ашу арқылы халыққа жаппай тегін білім беру, сөйтіп елдің көзін ашып, көңілін ояту идеясы Француз ағарту дәуірінің доктриналарына, оның ізгілік, әділет, ғылым, таным, білім, тұрмыс пен саясатты өзгертуге күш салатын көзқарастар жүйесі арқылы қоғамды ұйыстыратын идеология мен большевиктік-кеңестік идеологияның мәдени бағдарламасы тамырлас болуы себепті, бұл екі арадағы саяси-мәдени жымынқ ара-жігін толық түсіну қиын. Сөз жоқ, жәдиттік діни-ағартушылық бағыт дін қағидаларын өз заманына негіздей отырып, кітаби дәстүр арқылы еуропалық білім үлгісін насихаттады. Ал қадим догмалық сипаттағы дәстүрді жақтады. Ұлтқа пайдасын тигізетін ақиқат осы екі аралықта, байырғы эпик жыршылар ұстанған, кейін Жәкен сияқты айтушы-насихатшылар тұтынған қазақы дәстүр аясында болса керек.

Мәуліт мейрамының мадақшысы

әбден шөжіп, діни кисса, шариғат айту үрдісі кеңестік саяси өмірсалтқа томпақ деп табылғандықтан, әбден сыңқы-йымшақ болып, сұйылған кез болса керек. Қариялардың қолына су құюға жарап қалған жеті-сегіз жас шамасындағы бала Жәкен ауылға арнайы шақыртумен келетін Қуатқан, Мұратқан, Ескендір, Хабиболла секілді ғұлама ишандарды көріп, әңгімелерін тындапты. Жалпақ жұртқа айтылмайтын мұндай уағыз түрлерін терезені қараңғылап, оңашаланып, санаулылар ғана тыңдауға мүмкіндік алады екен. Қызылқұмды бауырлап ағатын Арыс, Шардара, Сырдария өзендерінің бойын өрлей қонған қалың Қонырат елі пір тұтқан Жәкеннің жеті атасы (Омар — Әбділла — Сейітхан — Мадияр — Әуез — Кемел — Қыдыр) түгел ишан болып, сопылық ілімді тұтыныпты. Атадан балаға жалғасқан бұл қасиетті тізбек кеңес үкіметі тұсында ғана шорт үзген.

Әкесі Қазыбек — әйгілі Мәделі-қожаға, туған нағашысы Тұрсынғали — Майлықожаға жиен болған соң Жәкенге не жорық, бекістен белі шықпай тұрып осы қос арнаны тел еміп, Түрсекең айтып отыратын жожа-тоғайлық игі-жақсылардың әңгімелерін жалдына жазып, қаперге тұта беріпті. Тұрсынғалидың әкесі Сәргел (Төрегелді) — бала күнінде Мәлиның ұлы Исабекпен асық ойнаған құрдас болғандықтан, көжекеннің былайғы жұрт біле бермейтін әңгімелері мен туындыларын жазып алып, кейінге жеткізушілер қатарынан саналады. Өңірдегі эпикалық жыршылық дәстүрге селкеу түсіп, кітаби үрдіске негізделген діни кисса-жырлар мүлдем айтылмауға айналған кезде Жәкен дария кемеде қариялардың өтінішімен, заманауи басылымдарды парактап «Әмір — Әмзе», «Әбділла бала» сияқты киссаларды кітаптан оқып беріп жүріпті. Міне, бұл көне қадимдік және жаңа жәдиттік бағыттардың тамыры тартылып, асыл арналардың орнына бүгінгілер малданып жүрген жасанды, сахналық жыршылық өнер көтеріле бастағанын ишаралайтын айғақ. Жыршы Жәкеннің сөз қорында эпикалық репертуардың негізгі құрам бөлігі саналатын сюжетті жырлардың болмау себебін кезінде аяусыз жүргізілген осындай саяси науқандардың рухани жүдеушілікке ұрындыру салдарымен түсіндіруге болады.

Жалпы, дәстүрлі орта бұзылған жерде халықтың құлқы мен әнсары ұлт табиғатына жат, сыртқы нәселерге ауып, мәдени-рухани өзегінен көз жазып, «айтқанға көнетін, айдауға жүретін» тобырға айналатынын отарлаушы елдің саясатын жүргізушілер жақсы білген. Қазақ даласынан мешіт ашып, медресе салып, бала оқыту сияқты «мұсылмандық қозғалыс» ұйымдары атқарған түрлі әрекеттерді ұлтты сақтап қалу мен сырт күштерден қорғану шарасы ретінде түсіну ләзім. Елдің экономикалық, саяси, мәдени, әлеуметтік жағынан рухани құлдыққа түсуі — түбі тамырға бапта шабатынын сезген діни-ағартушы насихатшылар қызметі азаттық алған жылдарға дейін шегенделіп, Қазақ мемлекетінің егемендігі мойындалған кезеңнен бастап қайта жандана бастады. Кейінгі жылдары құллі мұсылман баласы тойлай бастаған «Мәуліт» мерекесі — соның айғағы. Бұл тартпап біз жыршы Жәкен Омаровтың «Мәуліт жыры» деп аталатын туындысының қағаз бетіндегі статикалық мәтін мен топ алдында жанды айту кезінде пайда болатын, былайғы көзге көріне бермейтін, жыр айту техникасына қатысты кейбір жайттар аясында сөз қозғамалық.

Оңтүстік-батыста дамыған эпикалық жыршылық дәстүр ортасында қалыптасып, эпикалық білімін жетілдіріп, жыршылық жадын ұштаған Жәкеннің «Мәуліт жыры» аталатын туындысы Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбардың туған күнін, яғни «мәулид мейрамын» тойлау мағынасын білдіргенімен, «соңғы әрі

үстем» атанған асылдың фәниге келген күнінен бастап, бақиға аттанғанға дейінгі дүнияуи, рухани, саяси жолын жырлауға арналған. Араб, түрік, индонезия, бруней халықтарының әдеби жанры қатарында кездесетін бұл агиографиялық хикаяттың әр саласы өз алдына кіріспемен басталып, шағын қорытындымен күрмелегін сегіз тараудан тұрады. Дидактикалық өлең құрылымында 11 буынды кара өлең мен 7–8 буынды жыр үлгісі аралас келіп отырады. Дінтану пансаласына жататын агиография жанры әулие-әнбиелер өмірхаятын қарастыратын бөлек түр болғандықтан, пайғамбар тарихын тірек етіп, оны діни, мәдени, әлеуметтік негізде сөз ететін бұл шығарманы, сөз жоқ, осы бағыттағы шығармалар қатарына қоямыз.

Туынды бес, алты, негізінен сегіз бөлімді құрайтын тақырыпты тараушаға бөлінген. Мысалы, бірінші тарау ұлық Алла есімін мадақ ете отырып, Жаратқанға «хамду-сана» айтудан басталып, діни уағыз мазмұнына негіз болған құллі дино, пері, мақұлық атаулы; аспан, жер, аршы, күрсі, лаухы, қалам, жаннат, тозақтың Аллаға тасбиһ айтаыны жайындағы діни-мифологиялық сенімге негізделген аңыздаулардан басталып, сатылы өрбиді. Мұнда алғашқы фатиха сүресінің өзі «аль-хамду» аятымен басталатыны, сол үшін де «хамду-сана» айту пайғамбардан сүннет болғаны жайында, оны орындау құллі мұсылмандар тарапынан пайғамбарға құрмет болып есептелетін жыр-уағыз тілінде тамаша суретке айналдырылып, насихат түрінде басталады.

Тараудың екінші бөлімінде пайғамбардың ғибратты ғұмыры, игі істері баяндалатын «СиярШәриф» тарихы тармақталып, араб жеріндегі сиярышлар мен аталмыш үрдістің әрідегі түркі, берідегі қазақ топырағындағы заңды жалғасы, осы жолды ұстанған нәзирашыл шайырлардың есімі ұлықталады. Тараудың үшінші бөлімінен, оның «Нұр Шәриф» тараушасынан бастап Алла тағала он сегіз мың ғаламнан бұрын ұлық Мұхаммедтің (с.ғ.с) нұрын жарататыны жайындағы уақиға хикаяланады. Сол нұрдың күрметіне құллі қаласынан пайда болғаны жайындағы діни уәзіпаның айтушы тараптан жалпы тыңдаушы қауымға тигізет әсер-ықпалының өзі бөлек сөз тармақтауды талап етеді. Одан әрі адам баласының топырақтан жаратылуы, денеге жанның кіруі, Ыдырыс нәбиден басталатын пайғамбарлар шежіресі, Абдулланғы Әмнәмнен некелесуі, дүниеге нәбидін келуі, пайғамбарлықтың белгілері, оған түскен алғашқы уақи сияқты тыңдаушысы мен оқылушын елітіп: «Әрі қарай не болар екен?» — дегізіп, еминдірп отыратын уақиғалар легі тарихи хикаят түрінде шебер суреттеліп, жыршылық дәстүр қағидаттарына сай баяндалады.

Сөйтіп, бірінші тарау: «Ой, әміріменен Алланың...», — деген төрт жол импровизациямен басталып, пайғамбардың ақ дидарына, нұр жүзіне асық, ытық көңіл ілтипаттындағы: «...Шапағатына еңсек-ай...», — деген «шаири» ұйқасқа негізделген, өз алдына жеке мағына беретін қос тармақпен күрмеледі. Біз атордың өзімен тілдескенде оның топ алдында домбыра мен сырнайға қосылып айтып, шығарманы жалпы жұртқа орындау барысында қандай да болсын, өзгеріске немесе импровизацияға барған-бармағаны жайында сұрадық. Әрине, қай деңгейдегі жыршы болсын, мәйлі ол жаттағанын сол қалпында дерлік мөлдірлеп айтып бере алатын, артық-ауыс түрлемге бармайтын туындатпа тұрпат игеріне немесе импровизаторлық қабілеті бекіген, түрлемге бейім айтушы болсын: «Мен түпнұсқа мәтіннен айнаынған жоқпын!» — дейтіні анық.

Бұл жолы да тап солай болды. Жәкен жыршы жазба хикаят мәтінін өзгертпей айтқанын, оған қоса, толық жаттап үлгермегені себепті, жаңылыс айтудан сақтандықтан, көп жерін қағаздан қарап жырлап, «айнытпай» қайталағанына па-

туа берді. Бірақ, эпикалық жыршылық дәстүрдегі мызғымас заңдылық бойынша талай ғасырдың сынынан өткен, осы саланы әлемдік деңгейде зерттеген фольклортанушы мамандар белгісін бекіткен теориялық ұстындарға сүйенсек, жыршы аз болсын, көп болсын, әйтеуір импровизация жасауы тиіс. Біз осындай тәсілдің анық-қанығына көз жеткізу үшін қолымыздағы қолжазба мәтін мен мәуліт айы кезінде Жәкен топ алдында жырлаған бейнежазбаны салыстыра тыңдап, салғастыра беттестіріп көрдік. Сөйтіп, 2008–2025 жылдары, сегіз жыл қатарынан жырланған хикаяттың алғашқы бөлігін таңдап алып, топ алдында жанды айту үдерісі мен қағаз бетінен тұрақ тапқан «өлі» мәтінді беттестіріп, айырмашылығына ден қойдық. Әрине, шығарманың көркемдік ерекшелігі, тарихи типология мәселесін түгел жіліктеуге бұл жерде орын тар болғандықтан, ол міндет болашақ шолулардың үлесінде деп білеміз. Енді сол қолжазба мен бейнежазба екеуінің айырын ерекшелігінен түзілген белгі-бедерлерге ден қойып көрелік.

Әрине, топқа түсіп жүрген жыршының бәрі бірдей жырдың жыпылық-жыраларынан хабардар, эрудициясы дамыған айтушы болуы мүмкін емес. Десе де, бойындағы өнер түрлеріне талдау жасай білу қабілеті, жылт еткен жетістік пен жасампаздықты ретті жерінде, өзгеше реңкте пайдалана білетін, эпикалық айтушылық дәстүрдегі сиректердің бойында болатын өзгешелікті біз Жәкен жыршыдан да кезіктіре аламыз. Оның әнші, жыршы, композитор, ақын-импровизатор және қос аспапта қатар мақам толғайтын орындаушылық қабілеті әлгі ойымызды бекіте түседі. Әрине, биік эрудиция — айтушының бойына атаның қаны, ананың сүті арқылы жұғысты болып, туа бітетін, генетикалық жадпен келіп, болмыс иесін бір сәтте қалыптастыра қоятын ғайыппен байланысты тылсым емес. Керісінше, бала күнінен бойға жыйып, теңдеген төжірібе; көріп-білу, естіп-сезіну арқылы белгілі мәліметтер жиынын онтайына қарай іске асырып, үйлестіре білу, қай нәрсенің де жігін ажыратып, талдап-таразылай алу қасиетімен байланысты. Мұның барлығы, айналып келгенде, жалаң айтушы жыршы мен эрудициясы дамыған, жыршылық құбылысты өзіндік пардамен тұтыған туындатпа-шығармашылық тұрпат арасындағы кертені ашқындай түседі. Біз білетін Жәкен осы айтылғанның кейінгі үлгісіне жататын өнер иесі. Оның ешкімге ұқсамайтын композиторлық өресі, әбден дамып, канондық нұсқаға айналған мақамдардың өзін өзгеше саздап, түрлеу шеберлігі былайғы айтушылардан биік тұратыны да сондықтан.

Туындының кіріспесі 18 жолдан тұрады. Айтушы «Сөзімнің басы бисмиллаһ» деген алғашқы тармақтан бастап-ақ ауызша жанды орындау үдерісі кезінде пайда болатын, мәтінге үстеме реңк беретін «Ал» деген қаратпа сөз қосады. Мұның өзі бір жағы «Ал, мен бастадым!» деген ишарат-ымыраны білдірсе керек. Жыр айтудың техникалық ерекшеліктері ретінде белгісі бекіген мұндай, оқырман мен тыңдарман үшін артық-ауыс болып көрінетін сөздердің жазба мәтін нұсқасында кездеспеуін тек осы тәсіл заңдылығы аясында түсіндіре аламыз. Өйткені, оқырман жалаң мәтінді қолына ұстап, шығарманы бетпе-бет келіп, көз жүгіртіп оқи бастаған сәтте оған ондай үстеме қосудың қажеттілігі шамалы. Автордың ары қарай не айтпағы онсыз да түсінікті. Ал, айтушы белгілі бір топтың алдына шығып, аспап сүйемелімен жырлаған кезде ситуация құбылып, сол сәттегі алабұртқан көңіл күй мен тыңдаушы қауымның түрлі реакциясына байланысты жыршы «атынын» басын мүлдем басқа бағытқа бұра салуы әбден мүмкін. Мүмкін емес, дәл солай!

Міне, осындай жағдаятты жырға «өп» деп кіріскен тұстан-ақ байқауға болады. Жыршы бесінші жолға келгенде

тармақ арасын «еу», «ей» түріндегі шалықтау-юбилациямен өрнектеп, вокалды әшекей-орнаментация есебінде пайдалана бастайды. Тап осы түйдектің жетінші, «Шабат бер, Алла, шайырға» деген жолы «Шабаты келсе шайырдың» болып тұтастай импровизацияға түсіп, өңін өзгертіп шыға келген. Әрине, бұл сыңар жолдық ауыс-түйістен мәтінге немесе тұтас мазмұнға келіп тұрған алағаттық байқалмайды. Десе де, шығарманы жанды айту барысында жыршы салғаннан, мәйлі ол жаттап айтсын немесе қағазға қарап отырсын, азы-көпті импровизацияға баратыны анық аңғарылады. Бұл — қазақ эпикалық жыршылық дәстүрінің құрам бөлігінен жойылып бара жатқан рудимент, далалық жанды эпикалық орындаушылыққа тән, айтушының бойына эпикалық орта мен білімнен немесе генетикалық жад арқылы жұғысты болатын импровизаторлық қабілетті түрлі ситуацияға орай өзінше түрлендіре алатын қасиетке бейімдігін байқатады. Сөз жоқ, Жәкен — жазба поэзия иірімдеріне қоса, ауызша айту дәстүріндегі ескі формулдарды да жетік меңгерген айтушы. Олай болса, ондай тұрпат иесінің қай шығарманы орындау болсын, импровизацияға соқпай кетуі мүмкін емес.

Жыршы айтып отырып, арагідік орын ауыстырулар жасайды. Мысалы, мәтінде он сегізінші жол болып тұрған «Мәуліт» деп бүгін қуанып» деген жол көптің алдында орындалу барысында вокатив формасындағы орын ауыстыру тәсілі арқылы жоғары жылжып, он алтыншы тармақтан жай алып, өз орнында айтылмай қалады және «Жиналған жәми-жүррәтім» деген соңғы жол үстеме тәсілмен екі рет қайталананды. Сондай-ақ он төртінші жолдағы «орындайын» сөзі жырлау барысында «орындайық» болып бір әріптік өзгеріспен ауыс қолданылып, екінші бөлімде он төртінші тармақта ұшырасатын «орындандыз» сөзінің «қалдырмаңыз» деген мүлдем өзге мағынада ауыс айтылуы болар-болмас демесең, жалпы мазмұнға көлеңке түсіріп тұрған жоқ. Міне, осыдан-ақ, кіріспе бөлімдегі он сегіз жолдың өзара ауыспалы мағынада өзгеріске түсуінен, топ алдында жанды орындау барысында жыршының бойында болатын түрлі сезімдік градиациялардан, жазба поэзиядағы жалаң мәтін мен сол мәтінді ауызша айту үдерісі кезінде шуда сияқты матасып кететін жыршылық дәстүрге тән ішкі-имплицит қасиеттердің талайына куә боламыз.

Екінші бөлімдегі «Сияр Шәриф тарихы» тақырыбы қолжазбада жоқ «Ал, Алланың бұлбұлы көп даратпағы» деген тың жолмен басталады. Керісінше, тармақты бастауы тиіс «Расулдың өмірінің сабақ бәрі» деген жол мүлдем айтылмай, әуен ыргағы «Адамның кәдесіне жаратқалы» деген келесі жолға ұласып кете береді. Ал, жетінші болып келуі тиіс «Түркіде Пайғамбарды мадақтады» деген тармақ «Расулды мәуліт айтып мадақтады» болып әжептәуір мағыналық өзгеріске түскені байқалады. Одан әрі, жырмға бесінші «Тәухидтен» ажырамаң аттыңды оқып» деген сыңар жол да «Аллаға шыныжырланған атыңды оқып» болып, мағыналық тұрғыда бұлыңғыр тартыпты.

Үшінші «Нұр Шәриф» бөлімінде жыршы жеті-сегіз буынды 18 жол түйдектен «Салауат айтып, ағайын...» деп басталатын тұтас алты тармақты қалдырып кетіп, бірден 11 буынды кара өлеңге ойысады. Онысы айту кезінде жыр мәтінін ұмытып қалу немесе тыңдаушының ыңғайына бағып, саналы түрде қысқарту болса да өзі білсін. Жалпы, жазба әдебиет заты бойынша әуелі қағазға түсіп, танбасы бекіп, кейін топ алдында айтылғанда жыр міндетті түрде түрленіп, сюжеттердің арасы бірігіп, артық-ауыс сөз қосылып ұзарып немесе қысқарып, жанды орындау барысында толымалы күйге түседі. Қағаз нұсқадағы қолжазба мәтін мен айтушы ұнтаспасын бетпе-бет, дәлме-дәл салғастырмайынша бұл үдерістің жайын байқау мүмкін емес. Аталмыш мысалдардан бәз айтушы автор өзге емес, өзінің төл шығармасына қандай деңгей-дәрежеде түрлем жасағанын бақылай аламыз. Ал мұны мүлдем басқа орындаушы айтса, сөз жоқ, таным-түсінігіне қарай ол да алып-қос арқылы түрлі өзгерістер енгізуі әбден мүмкін. Әрине, шағын мақалада мұндай күрделі үдерістердің барысын толық ашып көрсету мүмкін емес.

Мұндай азын-аулақ қысқарту, алып-қосулар осы тараудың кейінгі бөлімдерінде де кездесіп, жазба хикаятқа ауызша айту дәстүріндегі әсер-ықпалын тигізіп отырады. Ақырғы, сегізінші бөлімнен кейінгі 7–8 буынды қорытындыға айтушы импровизация тәсілімен: «Ой, әміріменен Алланың, / Таза да тұтқан талғамын, / Адамзаттағы ардағым, / Мұхаммедте бар ма мін?» — деген тың төрт жолмен кірседі. Ессесіне, соңғы төрт тармақ қысқарып, туындының алғашқы тарауын: «Түсімізде бір көрсек-ай, / Шапағатына еңсек-ай!...», — деген мінзатқа тән егіз ұйқасты, мағыналы қос жол дұға-тілек күрмейді. Біздің айтып, нақты мысалдармен көрсеткіміз келгені: жыршы, мәйлі мәтінді жаттап алып, жалаң жырлаушы болсын, шығарманы топ алдында орындау барысында, соған дейін қалыптасып, жинақталған қарым-қабілет — эрудиция шеңберінде әрекет етеді.

Мұндай шеңберлену түрін кейінгі кезде «шеберлік» деген сыңар ауыз сөздің ауқымына сыйдыруға тырысып жүргендер бар. Әрине, бұл анықтаманың біржақты болары сөзсіз. Жалпы, жыршылық эрудиция сыңар ауыз сөзбен түйіндел, күрмей салуға келіңкіремейтін ауқымды ұғым. Термин ретіндегі аясы қандай кең болса, осы талап тұғырына сай келетін жыршылардың да бойына біткен өнердің ерекше шалқып жататыны сондықтан. Біз де мәуліт мейрамының заманауи мадақшысы Жәкен Омаровты осы көпқырлы тұғырдың зенгірінен жай алған жаңа тұрпаттағы өнерпаз, саликалы сахнагер ретінде танымыз.

/// СҰХБАТ

«БІЗ АДАЛ КӘСІПКЕРЛЕРГЕ КӨМЕКТЕSEMІЗ»

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы 6 мыңнан астам кәсіпкер арасында сауалнама жүргізген. Соның ішінде әкімшілік кедергілер жиі кездесетін секторларды атауды сұрапты. Сауалнама нәтижесінде мұндай келеңсіздіктер жер қатынастары (50%), құрылыс (43%), агроөнеркәсіп көшені (40%), кеден (26%), көлік (25%), экология (24%) және мемлекеттік сатып алу (21%) салаларында жиі бой көрсететіні белгілі болды. Шағын және орта кәсіпкерлікті мемлекет тарапынан қолдау туралы үнемі айтқанымызбен, аяққа оратылатын мәселе аз емес. Бұл жөнінде Қызылорда облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Пірімұхаммед Сыздық кеңірек айтып берді.



– Пірімұхаммед Айтбайұлы, жыл басынан бері облыста тіркелген кәсіпкерлерден қанша шағым түсті, негізгі болжам қандай мазмұнда?

– Кәсіпкерлік – ел экономикасының негізгі қозғаушы күші. Оны дамытпай мемлекеттің макроэкономикалық жағдайы туралы айту орынсыз. Кәсіпкер үш мәселені шеше алады: өзін және басқа адамдарды жұмыспен қамтиды, өнім өндіреді немесе қызмет көрсетеді, салық түсіреді. Шағын және орта бизнес қанат жайса, мемлекеттің ішкі жалпы өнім көлемі артып, қазына қаражаты молаяды. Сондықтан дамыған елдер азаматтардың кәсіппен айналысуына барынша жағдай жасауға ұмтылады. Еуропадағы дамушы елдерде ішкі жалпы өнімнің 75 пайызы, ал Америка құрама штаттарында 80 пайызы осы саладан құралып отыр. Осыдан-ақ кәсіпкерліктің ел экономикасындағы орнын бағамдауға болады.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының функциясы көп. Соның бірі – азаматтардың кәсіпкер болуына ықпал ету және кәсіпкерлердің құқығын қорғау. Облыста 66 мыңдай кәсіпкер тіркелсе, жыл басынан бері олардан бизнесті қорғау бағытында 321 өтініш түсті. Соның 36 пайызы оң шешімін тауып, кәсіпкерлердің 1,4 миллиард теңге көлеміндегі мүлдікті құқықтары қорғалды. Арыз-шағымдардың басым бөлігі мемлекеттік сатып алу, құрылыс, сәулет және ауыл шаруашылығы салаларын қамтыды. Сарапшыларымыз осы кезге дейін 14 сот процесіне қатысты. Оның 12-сі бойынша сот кәсіпкерлердің пайдасына шешім шығарды. Сондай-ақ олар 93 млн теңге қаражатын сақтап қалды. Өтініштерге талдау жасау кезінде белгілі болғаны, 49 арыз бойынша мемлекеттік органдар рұқсат беруді рәсімдеу барысында заңнамада қаралмаған қосымша құжаттарды талап еткен. 47-сінде кәсіпкерлердің арызына салғырт қараған. Өтініштердің 40 пайызы кәсіппен айналысатын азаматтардың заң талаптарын толық білмейтінін көрсетті.

– Сонда әркім баса-көктеп кіріп келе берген бе?

– «Шағым түсті» деген сылтаумен бизнес құрылымдарын келіп тексеретіндер азаймай тұр. Заң бойынша тексеруге келген адамның қолында рұқсат құжаты болу керек. Бірақ мұны талап етіп жатқаны некен-саяқ. Сіздің үйіңізге кез келген уақытта ешкім бейберекет кіріп келе алмайтыны сияқты кәсіпкердің де жеке аумағына баса-көктеп өтуге болмайды.

Биыл палата жанындағы кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл кеңесінің 9 отырысы өтіп, онда 11 мәселе қаралды. Кеңес құрамында прокуратура, құқық қорғау органдарының басшылық өкілдері бар. Кәсіпкерлер құқығын қалпына келтіру жөнінде мемлекеттік органдарға 14 ұсыныс беріліп, оның 9-ы қолдау тапты, 5-і қаралып жатыр.

Тексерулер нәтижесінде құзырлы орындар алғашқыда ескерту беріп кетуі тиіс, ал кей жағдайда олар бірден айыппұл салып жатады. Біз кәсіп иесінен арыз-шағым түскен жағдайда бұл әрекеттердің заңсыз әрі дәлелсіз екенін анықтауға күш салып, кәсіпкерлердің құқығын қорғаймыз.

– Кәсіпкерлерді қорғаныңыз дұрыс шығар. Бірақ олардың арасында да жұмысын дұрыс атқармайтындар болуы мүмкін ғой.

– Өзінің бас пайдасын ғана ойлап, осы жолда заңнан аттап кететін кәсіпкерлерді жоққа шығара алмаймыз. Бір қарын майды бір құмалақ шірітеті-

ні сияқты бұдан адал, таза кәсіпкерлерге көлеңке түседі. Осы себепті палатаның кәсіпкерлердің құқығын қорғау және әкімшілік кедергілерді азайту бөліміндегі заңгерлері барлық талапқа сай, заңнама аясында әр шағымды жеке қарайды. Дегенмен, мемлекеттік органдар тарапынан да түрлі түсініспеушіліктер кездеседі. Мысалы, ғимаратты құрылыс компаниясы әлдеқашан салып бітіріп, бағдарлама әкімшісі сол кезде-ақ қабылдап алған. Бәрі талапқа сай. Арала үш жыл өткенде кәсіпкерді салық органынан келіп тексереді. Қабырға бояуын қайдан алғанын зерттеп көргенде төртінші не бесінші сатушының рұқсаты жоқ болып шығады. Соңында кіріс органының өкілі оған емес, құрылыс компаниясына тиіседі. Қомақты айыппұл салады. Біз құқық қорғау органдарымен бірлесе отырып, соны тоқтаттық. Республикалық деңгейде де бұл мәселе реттелді. Өйткені бұдан көп кәсіпкер зардап шегетін. Тиісті орган өкілдерімен бірлескен жұмыстар нәтижесінде бизнес өкілдерінен осы сынды арыз-шағымның түсуі тыйылды.

– Елімізде 2026 жылдан бастап жаңа Салық кодексі күшіне енетінін білеміз. Ондағы өзгерістер көңілден шықты ма? Кәсіпкерлер үшін тиімсіз тұстары бар ма?

– Салық кодексі кәсіпкерлердің көңілінен шықты дей алмаймын. Мемлекет үшін бұл дұрыс шығар. Бірақ таяқтың екі ұшы болатыны сияқты

латын бір тауарды алайық. Оның өзіндік құны болады, пайда көру үшін үстіне үстеме қосылады. Қосымша құн салығының 16 пайызға көтерілуіне байланысты бұл сома да артып отыр. Оның қасында көрші елдерден тасымалданатын дәл осындай тауар арзан. Сатушылар сөреге соны қояды, жұрт соны алады. Нәтижесінде импорт алмастыратын отандық өнім өтпей қалады. Оны шығаратын компания ақырындап банкроттыққа ұшырауы мүмкін. Кем дегенде елу адам жұмыссыз қалады. Салықтың түсімі ортаяды. Бірақ бұл жағы ескерусіз қалған. Президент мұндай әрекет кәсіпорындардың жабылуына әкеп соғатындықтан, жақында Үкіметке тапсырма беріп, кәсіпкерлерге жеңілдік жасалатынын атап өтті. Сонымен бірге айыппұлды шегеруді тапсырды. Кәсіпкерлер бұған дән риза.

Қосымша құн салығы, корпоративті салық, МӨМС, зейнетақы жарнасы кәсіпкердің қалтасынан шығады. Бәрін қосқанда ол табысының тең жартысын мемлекетке қайтарып отырады. Қалған бөлігін кәсіпорын шығыны, жұмысшылардың жалақысына жұмсап, табыс табу қиындайды. Біз осы орайда нормативтік актілерді өзгерту үшін ұсыныстар беріп жатырмыз.

Кодекске сәйкес қосымша құн салығы 12 пайыздан 16 пайызға артты. Салық тейешілер заңнамада белгіленген тәртіппен ең төменгі айналым мөлшерінен асып түскен жағдайда қосылған құн салығы бойынша міндетті түрде тіркелуге тиіс. Дамушы мемлекеттерде кәсіпкердің көлеңкесін шығуына, қорықпай салығын төлеп, жұмыс істеуіне мүмкіндік беру үшін керісінше қосымша құн салығын түсіреді. Сол жағдайда ғана салық түсімі көбейіп, отандық өнім көлемі артады. Жұмыс орындары да көптеп ашылар елі.

– Пірімұхаммед Айтбайұлы, шағын бизнестің ишалайынан тартқан тағы қандай мәселелерді айтар едіңіз?

– Шағын, орта бизнестің дамымайтын себебі – санитарлық талаптар өте жоғары. Талаптары кеңес өкіметі кезінен қалып қойған. Мысалы, ол заманда 300 литрлік сүтті өңдеу үшін пеш жағатын. Оның дыбысы, түтіні, иісі қатты шығады. Қазір технология дамығанынан арқасында ол жағы жеңілдеді. Алайда санитарлық талаптар сол күйі. Сүт өңдейтін өндіріс орнынан тұрғын үйлер елу метр қашықтықта орналасқан болуы керек. Шетелге барғанда көріп жүрміз, мұндай процесті көпқабатты үйдің астында-ақ атқарып жатыр. Ал біздің елде шағын цехқа әлі күнге ірі сүт зауытына қатысты талаптар қояды. Соны өзгерту қиынға соғып тұр.

«Қызылорда – Павлодар» және «Жезқазған – Астана» бағыттарындағы тұрақты қатынасты қамтамасыз етіп келе жатқан «Марал-Нұр» серіктестігінің мәселесін шештік. Вагон сағатына 80



қосымша құн салығын 20 пайызға көтереміз дегенде кәсіпкерлер бұған қарсылық білдірді. Бұл дегеніңіз – қалтаға едәуір салмақ. Бұдан өнім бағасы шарықтап кетеді, келешілік деңгейі жоғарылайды. Тауар өндірушілердің өнімі өтпей қалады.

Мысалы, өзіміздің жергілікті жерден шығары-

шақырым жылдамдықтан асқан кезде донғалағы айналып, тоқ өндіре бастайды. Сонда ғана кондиционер, пеш іске қосылады. Алайда серіктестік вагондары Қызылордадан шыққаннан бастап 56 бекетке тоқтайды. Тоқтаған сайын әлгі жылдамдыққа қалай жетсін?! Станцияларда адам түспейтінін, пойызды тоқтатудың тиімсіз екенін

дәлелдеу үшін жарты жыл жүгірдік. Соның арқасында бекет саны да 35-ке азайып, жол жүру уақыты төрт сағатқа қысқарды.

Экономикада протекционизм деген ұғым бар, яғни ішкі нарықты қорғау. Ескі вагондарды жаңалау үшін компания сырттан вагон алады. Сол кезде үстінен 12 пайыз қосылады. Бұл – кәсіпкерлер үшін үлкен шығын. Министрлік бізден өзімізде вагон шықпайтынын дәлелдейтін құжаттар сұратып, оны жинауға бірталай уақытымыз кетті, кедергілер көбейді. Соның нәтижесінде инвестсіз вагондар, депоға вагон жөндейтін станоктар алдырдық. Осылайша вагон құрастыра бастауы тиіс. Кәсіпкер қасиет бастау үшін несие алады. Біз бұл жағынан да көмектесеміз. Кәсіпкер өз проблемасын айтпайынша оны білмеуіміз мүмкін еді.

«Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасында білім, денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы, құрылыс, өңдеу өнеркәсібі, сауда мен туризм және әйелдер кәсіпкерлігі бағытында 7 салалық кеңес бар. Әр сала бойынша айына кем дегенде бір кеңес отырысы өтіп тұрады. Жаңа нормаларды түсіндіріп, бизнес иелерінің проблемаларын тыңдаймыз. Кәсіпкер жалғыз өзі жүгіріп ештеңе шеше алмайды. Оларға мамандарымыз көмектеседі.

– Журналист болғасын кәсіпкерлермен де жиі кездесіп, сөйлесеміз. Сонда көбі «мемлекеттен қолдау алған жоқпыз, өз қалтамыздан шығарып кәсіп бастадық» дейді. Мемлекеттік қолдау алу жолы қиын ба, әлде адамдарға бұл туралы ақпарат жетпей жатыр ма?

– Кәсіпкерлер палатасы шағын және орта бизнес өкілдеріне және кәсіпкерлік бастамасы бар азаматтарға қаржылай емес қолдау көрсетеді. Жыл басынан бері ақпараттық-консультациялық қызмет көрсету бағыты бойынша 1556 адамға 5527 қызмет көрсетілді. Сервистік қызмет көрсету шеңберінде 433 кәсіпкерлік субъектісіне 549 қызмет көрсетілді. Бизнес жоба әзірлеу бойынша құны 7,4 млрд теңгені құрайтын 181 бизнес-жоспар әзірленіп, нәтижесінде 3,3 млрд теңгеге 97 жоба қаржыландырылды. «Іскерлік байланыстар» құралы аясында бытыр бір кәсіпкер І ерманиядан және екі кәсіпкер Жапония елінен бизнес-тағалымдамадан өтсе, 2025 жылы үш кәсіпкер өтініш түсіріп, біреуі Германияда бизнес-тағалымдамадан өтіп келді.

2023 жылдан бастап «Мен кәсіпкер» құралы аясында «Бір ауыл – бір өнім» бағдарламасы жүзеге асырылуда. Бағдарламаның басты міндеті – ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік әлеуетін арттыру, яғни қолда бар жергілікті шикізатты пайдаға асыра отырып, өнім өндіру, елді мекендерде жұмыс орын ашып, халықтың әлауқатын арттыру болып табылады. Үш жылдың қорытындысымен қазіргі таңда жобаның 9 финалисті бар. Жобафиналистері үшін «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы тарапынан ұлттық даму институттары өкілдерінің қатысуымен өзін-өзі дамыту, маркетингті қолдау, технологияларды коммерцияландыру және қайта құру, әлеуметтік желілерде жылжыту бойынша және кәсіпкерлікті дамыту саласында Палата тарапынан «Бір ауыл – бір өнім» финалистерін оқыту және мемлекеттік бағдарламалармен ақпараттандыру арқылы өнімді сертификаттау, штрих-кодтарды алу бойынша сүйемелдеу жүргізіледі. Жоба жеңімпазы екенін білдіретін сертификат арқылы финалистер әлеуметтік кәсіпкерлерге арналған 5 млн теңге көлеміндегі қайтарымсыз грантка қатысуға мүмкіндігі бар. Сонымен бірге жапондық JICA ұйымының «Бір ауыл – бір өнім» жобасының жетекшісі Акихиса Харагучи жоба финалистерінің өнімдерін экспорттауға үлес қосуда. Қазіргі таңда жоба жеңімпаздары республикалық, облыстық және қалалық көрмелерге белсенді қатысуда.

Мемлекеттік қаржыландыру жағына келер болсақ, кәсіпкерлікпен айналысу жылдан-жылға қиындап барады. Мемлекеттік бағдарламамен жеңілдетілген несие беру талаптары қазір едәуір күшейген. Бұрын сауда-саттық пен сұлулық салондарына, кофейняларға да берілетін болса, қазір тек басым бағыттарға ғана бөлінеді. Бір жағынан мұндай қадам қаражатты мақсатсыз жұмсайтын кәсіпкерлерді азайтуға бағытталса, екінші жағынан бизнесті жаңадан ашамын деген немесе әрі қарай өсіп-өнгісі келетін бизнес өкілдеріне қиындық тудырады. «Атамекен» кәсіпкерлер палатасының басты міндеті – бизнестің дамуы арқылы ел экономикасына айтарлықтай пайдасын әкелу, кәсіпкерлердің мұн-мұқтажын жоғарыға жеткізу. Осы орайда алда атқарылар міндет әлі көп.

– Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



«ӘР ЖОЛАУШЫҒА ЖАУАПТЫМЫЗ»

Сахавадин Тұрлығұловтың жүргізуші ретінде 20 жылға жуық тәжірибесі бар. Соның кейінгі екі жылында «Қызылорда автобус» ЖШС паркінде жұмыс істеп келеді. Жауапкершіліктен қашпай, тиянақты болғаны үшін жуырда басшылық бригадирлік қызметке қойған. Таңғы сағат 5-те рүлге отырғаннан, түн жарымына дейін бел жазбайды. Қиын болғанымен, ол еңбек етуден қашқан емес.

Қалада күніне 280 автобус халыққа қызмет көрсетеді. Олар бір-неше мың адамды диттеген жеріне жеткізеді. Бірақ көпшілікпен түсінісіп, жұмыс істеу оңай шаруа емес. Сабыр мен кәсібилікті қажет етеді.

– Мен №1 бағытты автобусты тізгіндеймін. Сонымен қатар осы бағытқа жауапты бригадирмін. Екі кезекшілікте әрқайсысында 12 жүргізушіден бар. Олардың реттілікпен жұмысқа қосылатын күндерін белгілеп, қарап отырамын. Өзім де автобус жүргіземін. Бригадир болғаныммен, мен де жүр-

гізушілер секілді жұмыс істеймін. Әрине, бізде жұмыс күні ерте басталады. Үйден таңғы төрт жарымда шығамын. Автобусты жолға дайындаймын. Ең алдымен диспетчерге куәлігімізді көрсетіп, жол парағын алғаннан кейін медициналық бақылаудан өтеміз. Дәрігерлер жүргізушілердің қан қысымын өлшейді. Сондай-ақ ішімдік ішпегенінді анықтайды. Келесі кезекте механик мамандары автобустың техникалық жағдайына назар аударады. Жүруге жарамдылығы анықталғаннан кейін автобустың тазалығына мән бе-

ріледі. Оның ішкі тазалығына да өзіміз жауаптымыз, – дейді ол.

Біз автобус жүргізушісінің күнделікті жұмыс ырғағына көз салып көрдік. Жолаушылар тасымалы үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Бір күнде 4-4,5 айналым жасап, 400-450 жолаушыға қызмет көрсетеді. Сахавадин жүргізетін №1 бағытты автобус «Қызылжарма» ауылынан шығып, сол жағалау арқылы теміржол вокзалына қатынайды. Сол аралыққа бір жарым сағат уақыт жұмсайды.

– Жүргізушілерге үлкен жауапкершілік жүктелген. Қаншама адам болса, олардың әрлдегі мінезі бар. Кейбірі үйінен түленге ашуланып шығады. Көңіл-күйі болмай отырғанын байқайсың. Тіпті автобуста қасында отырған адаммен сөзге келіп жатады. Оларды сабырға келтіріп, межелі жеріне жеткенге

дейін тәртіп сақтауға шақырамыз. Әр жолаушының баратын жеріне аман-сау жетуіне жауаптымыз.

Бізге қызметкерлер мен жұмысшыларға жақсы жағай жасалған. Жаз айларында санитариялық демалыс орнына жолдама беріледі. Түрлі мерекелерде ұжымда іс-шаралар өтеді. Басшымыз Әбдібәкір Ибрагимұлы ұжымның ұйытқысы болып, әрбіріміздің ұсыныс-пікірімізге құлақ түреді, – дейді бізбен әңгіме-сінде.

Жұмыс барысында міндетін жоғары деңгейде атқаруға мән беріп жүрген Сахавадин Мансұрұлы секілді мамандар аз емес. Тәулік бойына халыққа қалтқысыз қызмет жасауды абыройлы міндет санайтын еңбек адамдары қандай құрметке де лайық.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»



РУХАНИ РӘУІШ СЫЙЛАҒАН КЕШ

Қызылорда қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастырумен А.Тоқмағанбетов атындағы мәдениет үйінде белгілі ақын, «Тұран» сыйлығының иегері Ғазиза Әбілданың «Сезім мен сырдың самалы» атты әдеби-сазды кеші болып өтті.

Кеш шымылдығын қалалық мәдениет үйлері клубтар және халықтық ұжымдар мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын директоры Эльмира Қанатбаева ашып, қала әкімінің құттықтау хатын табыстап, ақынға игі тілегін жолдады. Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов:

– Ғазиза 35 жасында «Жалағаш жаршысы» аудандық газетінің бас редакторы болды. Бүгін ақынның туған жерінің ыстық сәлемін алып келдім. Адал еңбек қай уақытта да бағаланады, – деп, аудан әкімінің құттықтауын тапсырды.

Ғазиза Әбілда Жалағаш ауданында өмірге келген. Аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінде әдеби қызметкер, жауапты хатшы, 2010-2017 жылдар аралығында басылымның директор-редакторы, бас редакторы қызметтерін атқарды. Бүгінде облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім меңгерушісі.

2001 жылы қараша айында Алматы қаласында өткен жас ақын-жазушылардың әдеби семинарына қатысып, шығармалары үздік деп танылып, Қазақстан Жазушылар одағына мүше болып қабылданды.

Ғазиза – сыршыл ақын. Кеш тақырыбы айтып тұрғандай, өлең мерекесінде ақынның сөзіне жазылған өндер орындалып, жырдан маржан шашылды. Студент жастар ақын өлеңдерін нәшіне келтіре оқыды.

Беу, дүние!

Келешекке кезім көп алаңдаған,

Көңілімнің дауасын таба алмаған.

Тарам-тарам тұрлаусыз ойым жатыр, Тарқатылған бұрымдай таралмаған. Саятшыдай қызықтап аң аулаған, Тапқан олжам тұрса да таяу маған. Жолдас көріп біреуді жанылысып, Жүген ұстап көбіне жаяу қалам, – деп жырлаған ақынның өмірдегі қарапайым болмысы мен эстетикалық көркемдігі кейінгі жастар үшін өнеге аларлық өмір өрімі екені анық. Оның осындай жыр қуатын таныған Кундыз Суранбаев пен Накан Жазы ақын өлеңдерін қырғыз тіліне аударды.

Бұған дейін «Таңсәрі», «Сезім-серуен», «Қыр гүлі» жыр жинақтары жарық көріп, оқырманнан жақсы баға алған. Ақын жырлары бүгінгі кеште де көрерменін серпілтіп, көңілге шапағат төкті.

Кеште ақын Қатира Жәленова, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова, «Сыр медиа» ЖШС директоры М.Аралбаев пен «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қ.Шарабидинов, ақын Дүйсенбек Аяшұлы әріптестеріне ақ тілек арнап, сый-сияпат жасады. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы Аягөз Қожақова «Қыр гүлі» жинағын талдап, ақын поэзиясы туралы ғылыми тұжырымын ортаға салды.

Көрерменнің рухани олжа сыйлаған сыршыл кештен алған әсері мол болды.

«СБ» ақпарат

/// ЗАМАНДАС БЕЙНЕСІ

БОКСШЫНЫҢ ӘКЕСІ

Молдахмет – қызық болмысты адам, қарапайым, «қарапайым болса да, дара қайын». Талай қарадомалақ баланың қолына былғары қолғап кигізіп, боксшы қылып шығарған көнігі жаттықтырушы.



Өзі Өзбекстанның Бөке ауданына қарайтын Алқажар деген елді мекенде өмірге келген. Мектепте жүргенде денешынықтыру сабағынан сөктей «бес» болған. Пән мұғалімі Төрбай Молдабаев баланың әбжілдігін, ікемділігін, бойдағы қара күшін көріп, оны әртүрлі спортқа бейімдеген. Сөйтіп, ол оқушы кезінде-ақ волейболдан, футболдан, бокстан 1-санаттағы спорттық дәрежені қорғаған.

Кейін Төрбаев мектеп директоры болған. Сөйтіп, Ташкент мемлекеттік денешынықтыру және спорт институтын бітіріп келген Молдахметті мектепке жұмысқа қабылдаған.

Бұл кісінің жаттықтырушылығы осы жерден басталады. Бірақ жас маман келер жылы әскер қатарына алынып, азаматтық борышын Германияда өтейді.

Әскерде жүргендегі қызықтарының өзі том-том. 7 қараша – Октябрь мерекесі қарсаңында полк бойынша спорттық жарыстар ұйымдастырылады. Сол кезде қатардағы жауынгер Молдахмет Бейменов 32 кіләулік кір тасын қырық бір рет көтереді. Бұл салмақты басқалар мықыны майысып, қолы дірілдеп ең көбі жиырма мәрте көтеріп, тарс еткізіп жерге тастап жатады. Соларға қарап осы да болар деп ойлайды, Молдахмет. Бір кезде бір дағыстандық солдат шығып, қырық екі мәрте көтеріп, озып кетеді.

Тағы бірде «Варшава келісімі» әскерлері арасында бокстан жарыс болып, онда да екінші орынға түсіп қалады. Бірақ сол жолы «Спорт шеберлігіне үміткер» атағын алып шығады.

Жалпы, кеңестік дәуірде әскерде болғандар жақсы біледі, әскерилер арасында орыс шовенизмі көзге ұрып тұратын. Молдахмет осындай теріс пиғылдыларға жол бермей, әлсіздерге пана болады.

Кейін елге келгенін Молдахметтің сол қамқорлығын көргендердің бірі, өзбек баласы оған үй алып береміз, басқа да жағдайың маңдайың шылықпандай болады, бізді боксқа жаттықтыр дейді. Бірақ олар момынның ақын жейтін жуанжұдырықтылар тобы екен. Молдахмет келіспейді. «Кісінің еңбекақысын жеу арам, біреудің көз жасымен келген табыс арам. Балаларыңды адал аспен асыра. Арамнан ауыз тигіздің екен, ертең оның жазырын өзің татасын. «Тамағымынан өтсе де, жүрегіме жетпесін, жүрегіме жетсе де, ұрпағыма кетпесін» деген ғой, шайырлар». Үлкендер осылай деп отыратын. Сол сөзден аттамады.

1999 жылы Қызылордаға, атамекенге көшіп келді. «КБИ» деп аталатын қалаішілік аудандағы №197 мектепке алғашқы әскери дайындық мұғалімі болып орналасты, сонымен бірге жоғары сыныптарға денешықтырудан сабақ берді.

Сол кезде Молдахмет мектеп директорынан бір зал беруін өтінді, басқа ештенне сұрамады. Басқасын өзі тапты, сөйтіп бокс секциясын ашты.

Алдымен арқан керіп, шаршы алаң рингін жасады, сосын «мешок», қолғап, әйтеуір тірнектеп тапты. Балалардың боксқа деген ынтасы жоғары екен. Самат Сейітпанов, Еркін Бурақожаев, Азамат Жәбікенов, Бағдат Назаорв, Асқар Қоңқабаев сияқты жас балалардың алды осы жаттығудың арқасында кейін ел біріншілігіне қатысып, жеңімпаз болды.

Айтпақшы, Асқар – Әлем чемпионатының күміс жүлдегері атанған боксшы, Қазақстан құрамасының капитаны, атакты Қамшыбектің

туған ағасы. Қамшыбектің өзі жас кезінен Ғалымжан Байғондиев мектебінде жаттыққан.

Әке жаттықтырушы екінші сыныпқа өткесін 1994 жылы туған ұлы Тұрсынбай Құлахметті бокс секциясына қатыстырды.

Тұрсынбай он бес жасында, 2009 жылы Шымкент қаласында өткен 4-халықаралық турнирде 1-орынды жеңіп алды. Бұл Тұрсынбайдың жеңіс тұғырының басы болды. Содан сегіз жыл бойы әртүрлі деңгейдегі жарыстарға қатысып, 1-орын тұғырынан түспеді. Ол мектепте оқып жүріп-ақ Қазақстан чемпионы атағына жетті. Талантты боксшы екі мәрте Азия чемпионы және Әлем чемпионатының қола жүлдегері атанды.

2017 жылы Софияда өткен «Страндж» халықаралық турнирінде Рио олимпиадасының қола жүлдегері Камран Шахсуварлыны 5:0 есебімен жеңіп, қазақ боксының қайсарлығын тағы бір дәлелдеді.

Жаттықтырушының осы үлкен табыстағы еңбегі «әке» деген атымен ақталды. Бокс әлеміне бір мықтыны қосып жіберген Молдахмет бапкер есебінде елеусіздеу қалған жоқ па деп ойлаймыз, біз.

Өзі бұл оймен келіспейді, «мен боксшы емес, еліне адал қызмет ететін үл тәрбиелеп шығардым» дейді.

Шынында, Молдахметтің тәлімі ұстынды. «Ала сөйлеп ұлыққа жакқанша, адал сөйлеп жұртқа жак» дейтін ұстанымның адамы. «Атым озғанша, ағайынға болсын» дейтін көңілдің кісісі.

Оның осындай болмысына бойлаған ағайындары аталықтың көшбасшысы етіп сайлады. Енді осы жөніне келейік. Рас, базбіріміз «бас-басына би болып керегі не» деген пікірдеміз. Ал хадисте «туыстық қатынасты үзуден сақтанындар» деген. Ағайынға қадірі жоқ адамнан көлеңкесі бар ағаш артық.

Молдахмет жиырма үш жыл ұстаздық етіп, зейнетке шықты. Жалықпай ұстаздық еткені, жігерлі, отанышыл жастар тәрбиеленгені үшін «Еңбек ардагері», Ы.Алтынсарин, С.Нұрмағанбетов, Б.Момышұлы атындағы медальдарды омырауға тақты.

Бүгінде зейнет жасындағы Молдахметті үйінен кездестіру қиын. Ол әуелі бұрын заңды тіркелген қорды қайта жаңартып, көлемін көбейтті. Қорға түскен қаржымен өткен жылы Ортақшыл ауылында үйі өртеніп кеткен ағайынға көмек көрсетілді. Ақтоған ауылындағы көшеден өткен газды үйіне тарта алмай отырған отбасыларға ақшалай жәрдем берілді. Одан басқа ондаған үйдің балаларына мектеп жабдықтарын, киімдерін алып беру ісін ұйымдастырды. Ауыл-ауылдағы ауырып жатқан үлкендердің жағдайын сұрау да – бұл кісінің бір дағдысы. «Арма деген – әлге қуат» деп қарап бармай, қордың атынан көмегін де ала баралы.

Қазір арнайы жұмысы болмаса, әке ағайын бірінші үйіне бірі кірмейтін болды. Сондай әдетке ұшырағандарға өнеге болсын дейді, бір жағы.

Біз бүгін қарапайым жұрт қамын жеген еңбек адамының ел ішінде жүрген бейнесін жазуға түсірілдік. Ол бінеден кейінгі буын толқынға арал өнеге де, өрнек те бар.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

«ӨРЛЕУ» БИЗНЕСТІ АЛҒА ЖЕТЕЛЕЙДІ



«Өрлеу» бағдарламасы шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың ең тиімді тетіктерінің бірі ретінде өз орнын нықтай түсуде. Бүгінде ол дәстүрлі субсидиялау құралдарына заманауи әрі қолайлы балама ретінде қарастырылып, кәсіпкерлерге ашық шарттар мен бизнесті дамытуға кеңейтілген мүмкіндіктер ұсынады. Бағдарлама Мемлекет басшысы Жолдауында берілген тапсырмаға сәйкес Үкіметтің экономиканы дамыту жөніндегі кешенді шаралары аясында іске асырылады.

Бағдарламаның іске қосылуы бизнес үшін қаржылық ресурстардың қолжетімділігін арттырудың маңызды қадамы болды. «Өрлеудің» негізгі артықшылықтарының бірі – жылдық мөлшерлемесі 12,6%-дан аспайтын бекітілген жеңілдік ставкасы, ол кредиттің бүкіл мерзімі бойы сақталады. Қолданыстағы субсидиялардан айырмашылығы, бұл бағдарлама бойынша мөлшерлемесі өзгермейді және болжамды болып табылады, бұл кәсіпкерлерге өз жобаларын сенімдірек жоспарлауға мүмкіндік береді.

Маңызды артықшылықтардың бірі – қаржыландыру көлемінің айтарлықтай жоғары болуы:

инвестициялық максаттарға – 7 млрд тенгеге дейін, айналым капиталын толықтыруға – 3,5 млрд тенгеге дейін. Салыстырмалы түрде алғанда, субсидиялау бағдарламалары мұндай ірі сомаларды сирек қамтиды, бұл бизнестің жедел өсу мүмкіндігін шектейді.

Бағдарлама икемді өтеу мерзімдерін де қарастырады: инвестициялық жобалар үшін – 10 жылға дейін, айналым қаражатты үшін – 3 жылға дейін. Сондай-ақ 2025 жылғы 1 қаңтардан кейін берілген кредиттерді қолданыстағы қарыздың қалған мерзіміне қайта қаржыландыру мүмкіндігі қарастырылған, бұл кәсіпкерлерге ағымдағы міндеттемелердің шарттарын жақсартуға жол ашады.

Маңызды рөлді «Даму» қорының кепілдіктері атқарады: кепіл мүлкі жеткіліксіз болған жағдайда кәсіпкерлер мемлекеттік кепілдікке жүгіне алады, бұл жеңілдетілген несиелерді алушылар қатарын айтарлықтай кеңейтеді.

Бағдарлама көптеген салаларды қамтиды, бұл қолдаудың шын мәнінде ауқымды екенін көрсетеді. «Өрлеу» бизнесті дамытуға жаңа мүмкіндіктер ұсынып қана қоймай, инвестициялар мен кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру арқылы неғұрлым тұрақты экономикалық орта қалыптастыруға ықпал етеді.

Өңірде жүзеге асқан табысты жобалардың алғашқы нәтижелері де бар.

Солардың бірі – 2025 жылдың қазан айында ашылған «Қызылорда-Нан» компаниясы. Бұл – заманауи нан-токаш және кондитерлік өнімдер кешені. Жоба «Даму» қорының қолдауымен іске асырылып, өндіріс іске қосылды және кәсіпорынның дамуына серпін берді. 2025 жылы компания айналым капиталын толықтыру үшін «Өрлеу» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген кредит алып, өндіріс көлемін ұлғайтуға және қаржылық тұрақтылығын арттыруға мүмкіндік алды.

Қолдау көрсетілген жобалардың қатарында «Агрохимсервис-С» ЖШС да бар – облыстағы күріш шаруашылықтары үшін минералды тыңайтқыш (аммоний сульфаты) өндіретін негізгі кәсіпорын. Зауыт сағатына 10 тоннаға дейін түйіршіктелген тыңайтқыш шығарып, аграршыларды сапалы өніммен қамтамасыз етеді. Компания «Өрлеу» бағдарламасы бойынша жылдық 12,6% мөлшерлемесмен несие алып, қолжетімді қаржыландырудың арқасында өндіріс көлемін арттыра алды.

Осылайша «Өрлеу» шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдаудың жаңа бағдарына айналып, отандық кәсіпкерліктің дамуына серпін беруге қабілетті қарапайым, түсінікті және тиімді құрал екенін дәлелдеп отыр.

Хабарландыру

«Сырдария-1» КС» ЖШС 2025 жылдың 27 қараша күні сағат 11:00-де Қызылорда қаласы, Қонаев көшесі, №33 мекенжайда серіктестік қатысушыларының жалпы жиналысы өткізілетінін хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Серіктестіктің Жарғылық қорын көбейту, Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды енгізу, бекіту туралы. «Ағрарлық несие корпорациясы» АҚ-нан 20.04.2046 жылға дейін несие желісін, ұлғайту туралы өзгерістерді бекіту, кепілмен қамтамасыз ету, депозит шотындағы қаражатын кепілге қоюды, сот рәсімінсіз сату және

акцепсіз шығару құқығына келісім беру туралы.

2. «Сырдария-1» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның заңды мекенжайын өзгерту туралы, осы өзгерістерді серіктестіктің Жарғысына, уәкілетті органға тіркеу туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібіне қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, жиналыс ашылғанға дейін 3 күн ішінде серіктестікке ұсынуларыңызды, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

«Сырдария-1» КС» ЖШС
әкімшілігі

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық инспекция және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық басқару және қадағалау жетекшісінің қызметіне және заңды тұлға өкілдерін қабылдаудың 2025 жылға арналған кестесі**

Қабылдаушының аты-жөні	Қабылдаушының лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекеннің мекен-жайы	Байланыс телефоны	Сенім телефоны
Алетов Ерұлтан Амантайұлы	Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы	Сәрсенбі, сағат 15.00-18.00	Қызылорда қ., М.Шокай көшесі, №150Е	20-15-88	8/7242/ 20-15-87
Ахметов Бекнұр Кахарманұлы	Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары	Жұма, сағат 15.00-18.00	Қызылорда қ., М.Шокай көшесі, №150Е	20-15-83	8/7242/ 20-15-87

www.facebook.com/syrboyi.kz/

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымында газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (*сенбілік екі нөмір*) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.